ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ҚазҰТЗУ ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК КазНИТУ

# VESTNIK KazNRTU

№ 4 (134)

АЛМАТЫ 2019 АВГУСТ

**ISSN 1680-9211**

*Главный редактор*
**И. К. Бейсембетов – ректор**

*Зам. главного редактора*
Б.К. Кенжалиев **– проректор по науке**

*Отв. секретарь*
**Н.Ф. Федосенко**

***Редакционная коллегия:***

З.С. Абишева- акад. НАНРК, Л.Б. Атымтаева, Ж.Ж. Байгунчеков- акад. НАНРК, А.Б. Байбатша, А.О. Байконурова, В.И. Волчихин (Россия), К. Дребенштед (Германия), Г.Ж. Жолтаев, Г.Ж. Елигбаева, Р.М. Искаков, С.Е. Кудайбергенов, Б.У. Куспангалиев, С.Е. Кумеков, В.А. Луганов, С.С. Набойченко – член-корр. РАН, И.Г. Милев (Германия), С. Пежовник (Словения), Б.Р. Ракишев – акад. НАН РК, М.Б. Панфилов (Франция), Н.Т. Сайлаубеков, А.Р. Сейткулов, Фатхи Хабаши (Канада), Бражендра Мишра (США), Корби Андерсон (США), В.А. Гольцев ( Россия), В. Ю. Коровин ( Украина), М.Г. Мустафин (Россия), Фан Хуаан (Швеция), Х.П. Цинке (Германия), Е.М. Шайхутдинов-акад. НАНРК, Т.А. Чепуштанова

***Учредитель:***

Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К.И. Сатпаева

***Регистрация:***

Министерство культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан № 951 – Ж “25” 11. 1999 г.

**Основан в августе 1994 г. Выходит 6 раз в год**

***Адрес редакции:***

г. Алматы, ул. Сатпаева, 22,
каб. 609, тел. 292-63-46
Nina. Fedorovna. 52 @ mail.ru

© КазНИТУ имени К.И. Сатпаева, 2019

УДК 72.03 (574)

**A.M. Shamshikhan, S.S. Tugelbayev.**
(Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: aikowa2195@mail.ru)

## DEVELOPMENT OF TOURISM ALONG THE SILK ROAD

**Abstract.** The Great Silk Road is a unique historical monument of human civilization. The transformation of the Kazakhstan section of the Great Silk Road into an attractive tourist and recreational complex is a pressing problem in the development of tourism in the Republic of Kazakhstan. At the branches of the Kazakhstan section of the Silk Road, the most promising projects are the development of the tourist infrastructure “Ancient Otrar” and “Ancient Turkestan” in the Turkestan region. For the development of tourism in the Great Silk Road segment, it is necessary to increase the effectiveness of the regional tourism policy, the role of local governance structures in solving the problems of the integrated economic and social development of the tourism industry.

**Key words:** Great Silk Road, tourism, tourist and recreational systems, tourist policy, tourist infrastructure.

**А.М. Шамшихан, С.С. Тугельбаев**
(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,
E-mail: aikowa2195@mail.ru)

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ

**Түйіндеме.** Ұлы Жібек жолы адамзат өркениетінің бірегей тарихи ескерткіші болып табылады. Ұлы Жібек жолының қазақ жерлерінің тартымды туристтік-демалыс кешеніне айналуы Қазақстан Республикасы туризмін дамытудың өзекті проблемасы болып табылады. Ұлы Жібек жолының қазақстандық жерлері тармақтарында келешегі мол жобалар Түркістан облысындағы «Ежелгі Отырар» мен «Ежелгі Түркістан» туристік инфрақұрылым объектілерін дамыту болып табылады. Ұлы Жібек жолының бойында туризмді дамыту үшін өңірлік туристік саясаттың нақтылығын, турист саласының кешендік экономикалық және әлеуметтік даму проблемаларын шешуде басқарудың жергілікті құрылымдарының рөлін арттыру керек.

**Түйін сөздер:** Ұлы Жібек жолы, туризм, туристік-рекреациялық жүйелер, туристік саясат, туристік инфрақұрылым.

### КІРІСПЕ

Жүзжылдық бойы ежелгі керуен жолында Шығыс Еуропа мен Батыс Еуропа халқының экономикасы мен мәдениетін дамытуға ықпал етті. Осы күндері де оның маңызы баға жеткісіз, себебі заманауи туризм бүгінде халықтар арасында өзара түсіністік пен бейбітшілікке ықпал ете отырып, мәдени диалогпен сауда мен бизнесті байланыстырады. Жібек жолы Жібек жолы бойынша бастамалардың 24 қатысушы елдері арасында көп тарапты байланыстарды анықтауға ықпал етеді. Жібек жолында ынтымақтастық және туризмді ілгерілету бойынша бастамаларды іске асыру идеясы 15 жыл бұрын туындаған, және Самарқан Декларациясында 1994 жылы бекітілген. Содан бері 1999 жылы – Хива Декларациясы, 2002 жылы – Бұқар Декларациясы қабылданған. Жібек жолы бойынша Астана Декларациясы ЮНВТО Бас Ассамблеясының 18-Сессиясы шеңберінде 2009 жылы, Алматы Декларациясы – 2008 жылы «Жібек жолы» қалалары мэрлерінің III-Форумын өткізу уақытында қабылданған. Қабылданған шараларды іске асыру өзіне үш негізгі полюс: Қытай, Ресей және Парсы шығанағын түйістіріп Жібек жолының негізгі өңірі болып табылатын Еуразиялық кеңістік елдерінің экономикалық өсуі мен бірігуіне ықпал етті. Еуразия ортасында орналасқан Қазақстан осы полюстер мен Қырғызстан, Өзбекстан, Тәджікстан және Түркменстан сияқты Орталық Азия өңірінің елдері арасында байланыстырушы көпір, сондай-ақ Жібек жолы елдерінің негізгі нарықтарына кіру жолында басты транзит дәлізі болып табылады. Еуразияның қақ ортасындағы Қазақстанның геостратегиялық орналасуы

туризм саласында саясаттың базалық негіздері ретінде Жібек жолында туризмнің жаңғыртылуына маңызды мән бергені және беретіні ықпал етті. 1997 жылы ЮНВТО, ЮНЕСКО және БҰҰДБ транконтиненталды «Жібек жолы – диалог жолы» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстанда туристік әлеуеттің бірінші зерттеулері өткізілді. Зерттеу деректерінің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау мен сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау» мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп бекітілді. 2002 жылдың 27 қазанында қабылданған Бұқар Декларациясына сәйкес «Жібек жолы» ЮНВТО жобасының қатысушы елдері көп тарапты және халықаралық негіздегі туризм саласындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайту бойынша күштерді қабылдауға міндеттенді. Осыған орай, осы бағытта туризмді дамытуды белсенділендіру үшін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп 2004 жылдан бастап Алматы – Түркістан – Ташкент – Самарқан – Бұқара – Үргенші – Мары – Ашхабад – Алматы бағыты бойынша «Жібек Жолы қазынасы» мамандандырылған туристік поездын ұйымдастыру бойынша жоба іске асырылады. Ұлы Жібек Жолының қазақстандық учаскесі тарих, археология, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс өнерінің бірегей ескерткіштер кешенінен тұрады, бүгінде мұнда билеушілердің қамалдарын қоса алғанда, 22 ежелгі қалашықтар ашылған. Ежелгі заманның екі бірегей ескерткіші ЮНЕСКО Дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілген: Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Алматы қаласының маңындағы «Тамғалы» археологиялық кешені. Жібек жолы бойынша маңызды туристік бағыттардың арасында Оңтүстік Қазақстан облысындағы Алматы, Тараз, сондай-ақ Түркістан мен Отырар қалалары маңызды орын алады [1].

Бүгінде дүниежүзінің көптеген елдерінің күштерімен Ұлы Жібек жолының жаңа өмірін өркендетуге шешім қабылданды. Адамдардың көбісі осы ежелгі трансдәстүрлі сауда магистраліне, ежелгі сәулет өнерінің бірегей ескерткіштеріне, даңқы шыққан ата-бабаларымыздан мұраға қалған, жойылмаған рухани құндылықтарға, өңір халықтарының ұлттық қолөнеріне, тағамдарына, дәстүрлері мен мерекелеріне қызығушылық танытуда.

Жібек жолы елдердің саяси, экономикалық, мәдени құрылысын қалыптастыруға зор ықпал етті. Оның барлық бағыттарының бойында ірі және шағын сауда қалалары мен елді мекендер пайда болды, әсіресе қиылысы көп болған керуен жолдары Орталық Азия болды. Бұл өңірде ондаған сауда бағыттары қиылысқан. Мұнда маңызды этникалық процестер, мәдениеттің белсенді өзара әрекеті өтті, ауқымды сауда операциялары жүзеге асырылды, дипломатиялық шарттар мен әскери одақтар жасалды. Осы өңір халықтарына Ішкі Азия мен Қиыр Шығыс елдерінде әріптік жазу мен әлемдік діндердің, көптеген мәдени және техникалық жетістіктердің таралуында ұлы рөл тиесілі.

Жібек жолы – бұл Қытай мен Жеорта теңізі арасындағы материктің зор кеңістігінің мәдени орталықтарын мыңдаған жылдар бойы байланыстырған керуен жолдарының жүйесі. Терминнің өзі алғаш рет XIX жылдардың 70 жылдарында неміс географы және геологы В.Рихтгофенмен қиыр шығыс пен батыс әлем арасындағы байланысты белгілеу үшін ғылыми айналымға енгізілді және өте сәтті және көпшілікпен қабылданған болды. Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдан жібек қиыр елдерге қытай көпестері апарған басты тауар болды [2].

Осылайша, Батыс пен Шығыс арасындағы қатынастар белгісі Ұлы Жібек жолы болды. Алғаш рет адамзат тарихында Жерорта теңізінен Тынық мұхитына дейін ұлан-ғайыр кеңістікте ол түрлі елдер мен халықтарды біріктірді, олардың материалдық, шығармашылық және рухани мәдениетін байланыстырды. Осы жолдар бойынша көптеген ғасырлар идеяларды, технологияларды, қолөнерді, діншілдікті алмасу жүзеге асырылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Ұлы Жібек жолының өркендетуді ұсынған және жүзеге асыруға бірінші ықпал еткен. 1988 жылы ЮНЕСКО-ның он жылға есептелген «Жібек жолы – диалог жолын интегралды зерттеу» жобасы қабылданды. Осы жоба бойынша ежелгі жол тарихын ауқымды және толық зерттеу, Шығыс пен Батыс арасында мәдени байланыстарды қалыптастыру және дамыту, Еуразия континентінде тұратын халықтар арасында қатынастарды жақсарту қарастырылған.

Алайда, 1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында Ұлы Жібек жолын дипломатия, мәдениет, ғылым, сауда, туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды арнасы ретінде өркендету туралы шешім қабылданды. Ұлы Жібек жолын дамытудың заманауи кезеңін маңызды құраушылар көлік байланыстары мен туризм болды [3].

**ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Туризм мақсаттары үшін туристік-рекреациялық ресурстарды бағалау бойынша дала зерттеулерінің процесінде алынған картографиялық талдау мен ақпараттар негізінде туризмнің

экологиялық, сауықтыру-спорт, емдік-сауықтыру түрлерінің дамуын болжамдау үшін туристтер үшін тартымды табиғи аймақтар мен объектілердің кадастрын құру қажет.

Бізге белгілі зерттеулер мен танымдық құндылығы, туристік тартымдылығы мен экзотикалығы, ал кейбіреулері ЮНЕСКО бағалауы бойынша әлемдік құндылығы; мәселен, ежелгі Испиджабтың Сайрам кешені, археологиялық, сәулет кешендері мен ҰЖЖ ежелгі коммуникациялары, болатын 807 астам тарихи және мәдениет ескерткіштерің болуына байланысты орта ғасырлардағы көшпенді және отырықшы-егін шаруашылығы мәдениетінің архитектуралық-кеңістіктік және этномәдени ортасын, қолөнерді өркендету, ашық аспан астында театрланған мұражайлар, қажылықтың салттық әдет-ғұрып орталықтарын құру туралы айтуға болады және осы негізде экскурсиялық-танымдық және ғылыми-зерттеу туризмін, әсіресе, археологиялық туризмді дамытуға болады.

**НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛДАУ**

Ұлы Жібек жолының туристік өнім ретінде оның күнделікті бағыттарынан ерекшеленетін бірқатар тұтас ерекшеліктері бар. Мәселен, классикалық тур – бұл әдетте қандайда бір елге сапар. Мұнда сөз туристе бірқатар елдерді аралау, олардың ежелгі мәдениетімен танысу және бүгінде әсерлер мен білімнің біршама үлкен көлемін алу мүмкіндігі болатын трансұлттық бағыт туралы болып отыр.

Осы бағытта туризмді дамытуды белсенділендіру үшін 2004 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп Алматы – Түркістан – Ташкент – Самарқан – Бұқара – Үргенші – Мары – Ашхабад – Алматы бағыты бойынша «Жібек жолы меруерті» мамандандырылған туристік поезді ұйымдастыру бойынша жоба іске асырылуда [4].

Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесі тарих, археология, сәулет, қала құрылысы және монументалды өнер ескерткіштерінің бірегей кешенінен тұрады, бүгінде мұнда билеушілердің қамалдарын қоса алғанда 22 ежелгі қалашық ашылған. Ежелгі заманның екі бірегей ескерткіші ЮНЕСКО Дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілген: Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Алматы қаласының маңындағы «Тамғалы» археологиялық кешені. Жібек жолы бойынша маңызды туристік бағыттардың арасында Оңтүстік Қазақстан облысындағы Алматы, Тараз, сондай-ақ Түркістан мен Отырар қалалары маңызды орын алады [5].

Жібек жолының қазақстандық учаскесінің тармақтарында аса перспективалы жобалар болып табылады:

- Алматы облысында Қапшағай теңізінің жағалауында «Жаңа – Іле» халықаралық туристік орталығын құру;
- Оңтүстік Қазақстан облысында «Ежелгі Отырар» мен «Ежелгі Түркістан» туристік инфрақұрылым объектілерін дамыту;
- бос экономикалық аймақ құрылған Ақмола облысында «Бурабай» халықаралық туристік орталықты салу;
- Маңғыстау облысындағы Жібек жолының қазақстандық учаскесінің батыс тармақтарында «Ақтау – Сити» жаңа мыңжылдық қаласын салу [6].

Жібек жолы Еуразияның түрлі елдерінің, мәдениетінің, халықтары мен өркениетінің бейбіт қатар өмір сүруінің бірінші үлгілерінің бірі болды. Ол бойынша ұзақ уақыт Еуропа мен Оңтүстік Шығыс Азияның сауда-саттық және мәдени өзара әрекеті жүрді. Сяси экономикалық ілгерілеу жолдары ретінде жаңа ғасырда Ұлы Жібек жолының тарихи, экономикалық, мәдени және коммуникациялық сапасының бірегей кешенін қолдану заманауи өркениеттің тарихи борышы болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан «Ұлы жібек жолының жүрегі» ретінде орналасады. Осында әзірленетін негізгі туристік өнімдерге мәдени туризм және турне жатады [7].

Қазақстан Үкіметімен американдық әріптестермен бірлесіп 5-7 туристік кластерді құруға шешім қабылданды. Қызылорда облысының орталық және шығыс бөліктерінен, Түркістан облысының оңтүстік бөлігінен және Жамбыл облысының Түркістан облысының оңтүстік-батыс бөлігінен тұратын кластер болып табылады. (1-кесте).

Шымкент қаласы туристік қызығушылықтың негізгі орындары берілген кластер орталығы болып табылады.

Болашақта кластер барлық үш облыстың қалған бөліктерін қоса алғанда, кеңейеді, сондай-ақ ЮНЕСКО алдын-ала тізіміне енгізілген құрметті түрік Меркесі және Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы, «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинацияға кірген объектілер (Жетіасар алқабының ескерткіштері, Сығанақ қалашығы) сияқты туристік қызығушылық тудыратын жаңа орындарды ұсынады [8].

1-кесте. **Түркістан облысының оңтүстік бөлігінен және Жамбыл облысының, Түркістан облысының оңтүстік-батыс бөлігінен тұратын кластер [9]**

| Атауы | Аумақты құраушылар | Орналасуы |
|---|---|---|
| Оңтүстік Қазақстан | Қожы Ахмет Яссауи кесенесімен Түркістан қаласы (ЮНЕСКО объектісі) | Түркістан облысы |
| | ЮНЕСКО алдын-ала тізіміне енгізілген ежелгі ғасырлық Отырар қалашығы мен отырар алқабының археологиялық объектілері | Түркістан облысы |
| | Сауран археологиялық кешені | Түркістан облысы |
| | Полеолитиялық учаскелермен және геоморфологиямен Қаратау ГПЗ | Жамбыл облысы |
| | ЮНЕСКО алдын-ала тізіміне енгізілген Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы | Түркістан облысы |
| | Сайрам-Угам мемлекеттік ұлттық паркі | Түркістан облысы |
| | Байқоңыр ғарышы | Қызылорда облысы |
| | Қызылорда қаласы | Қызылорда облысы |
| | Сарыағаш қаласы | Түркістан облысы |
| | Тараз қаласы | Жамбыл облысы |

Түркістан облысына кластерлік тәсілдемені іске асыру кезеңдерінің бірі оны қалыптастыратын географиялық қағидасына байланысты ішкі аудандық және өңіраралық, халықаралық (Қырғызиямен, Өзбекстанмен) кластерлерді анықтау үшін өңірлерді аудандастырудың көрнекі картографиялық моделін әзірлеу болып табылады.

Майдантал, Қаржантау, Угам, ішінара Пскем жоталарының тау жүйесі барлық жастағы жыл бойғы сауықтыру демалысы, спорт-сауықтыру жорықтары мен саяхаттары, қысқы маусымдағы тау шаңғысы демалысы, шипажай-курорттық кешендерді дамыту және өкпе мен басқа ауруларды емдеу, балаларды сауықтыру үшін қолайлы және тартымды. Турбаза бүгінде де Түркістан облысының туристік кластерін дамытудың негізгі географиялық нүктесі болады [10].

Облыстың минералды сулары республика шегінен тыс танымал және Сарыағаш, Темірлан және Манкент кен орындарымен берілген.

Бізге белгілі зерттеулер мен танымдық құндылығы, туристік тартымдылығы мен экзотикалығы, ал кейбіреулері ЮНЕСКО бағалауы бойынша әлемдік құндылығы; мәселен, Қажы Яссауи кесенесі, ежелгі Испиджабтың Сайрам кешені, археологиялық, сәулет кешендері мен ҰЖЖ ежелгі коммуникациялары, болатын 807 астам тарихи және мәдениет ескерткіштерің болуына байланысты орта ғасырлардағы көшпенді және отырықшы-егін шаруашылығы мәдениетінің архитектуралық-кеңістіктік және этномәдени ортасын, қолөнерді өркендету, ашық аспан астында театрланған мұражайлар, қажылықтың салттық әдет-ғұрып орталықтарын құру туралы айтуға болады және осы негізде экскурсиялық-танымдық және ғылыми-зерттеу туризмін, әсіресе, археологиялық туризмді дамытуға болады [11].

Көптеген елдер мен өңірлердің тәжірибесі кластерлердің шынымен жоғары тиімділікке ықпал ететіні және осылайша ұлттың әл-ауқатын арттыратыны туралы куәландырады. Туризм экономикасын кластерлік дамытуда жергілікті әкімшіліктің атқарушы билігінің рөлі осы секторда жоғары өнімділік пен тиімділікті қамтамасыз ететін жоба қатысушыларының және жалпы экономиканың ортасы ретінде жеке меншік кәсіпкерлер үшін қолайлы іскерлік климатты құруда тұжырылады.

Бұл үшін орындалатын жұмыстардың функционалды белгісі бойынша туризм бөлімінің толық штат кестесінің құрылымын қалыптастыру және басқа өңірлердегідей максимум штат бірліктерін бөлу керек.

Осы негіздемелерге байланысты Түркістан облысы туристік кластерін іске асырудың нақты-тәжірибелік міндеттерін ескеруге болады.

Облыста халықтың 35% астамын 14 жасқа дейін балалар құрайтына байланысты туризмнің балалар сауықтыру демалысын, оқу-білім және оқу-ағарту түрлерін дамыту үшін аумақтар бөлу керек [12].

Ішкі туризмнің дамуын басқаруға және кіруді дамыту бастамаларын іске асыруға қабілетті, кластерді дамыту үшін негізгі туристік аумақтар кластерін бөлу.

Шымкент-Түркістан, Шымкент – Түркістан, Шымкент – Сарыағаш және басқа трассаларда туристердің қысқа мерзімді демалысы үшін транзитті пункт-кемпингтер құрылысын бастамалау [13].

Түркістан облысында белсенді өсу полюсі Түркістан мен Кентау болады, ал Шымкент агломерациясының шеңберінде Сайрам, Түлкібас, Арыс, Леңгер қалалары перспективалы болып табылады.

1700 километрлік қазақстандық учаскенің негізгі туристік-рекреациялық ресурстары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда шоғырланған, ал бұл өңірдегі ерекше орынды Түркістан, Тараз және Алматы алады. Ежелгі мекен орындарында табылатын осы қалаларға Хурлук, Турбат, Исфиджаб, Кулан, Мирки, Талхиз, Жаркент сияқты орта ғасырлық елді мекендер сияқты қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін маңызды туристік объектілерді қосу керек [14].

Жоба инфрақұрылымын дамытуды Түркістан қаласында мейрамханалар мен керуен сарайлар желісін салу және дамыту көмегімен, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, Дүниежүзілік туристік ұйымдардың және «Жібек жолы: Өңірлік ынтымақтастық және даму мақсатында әлеуетті күшейту» ЮНЕСКО өңірлік бағдарламасының халықаралық жобасын іске асыру шеңберінде жүзеге асыру жоспарлануда. Жобаның бұл бағыты объектілерді археологиялық, сәулет, қала құрылысы зерттеулері, Жібек жолының тарихи-мәдени мұрасы туралы деректер банкін құру; Жібек жолыгың негізгі кезеңдерін тоқтату, мұражайландыру және абаттандыру; туризм объектілерінің тізіміне енгізілген трассаның тарихи қалалары мен басқа елді мекендерін дамыту арқылы іске асырылады [15].

Біз Жібек жолы қалалары мен елді мекендерінің дәстүрлі құрылысы базасында туризм инфрақұрылымдарын құру қажет деп санаймыз: сервистік қызмет көрсету және сауда кәсіпорындары, қажылық және туристік кешендер, шебер халық қолөнері, этнографиялық мұражайлар мен театрлар, әдет-ғұрыпты тарихи-діни орталықтар мен басқа туристік объектілер.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Бүгінде республикада туризмнің өзекті проблемалары мен оларды шешу жолдары отандық халықаралық туризмді дамытуда инновациялық тәсіл негізі ретінде қарастырылуы тиіс. Қазіргі жағдайларда туризмді дамыту жетекші және қарқынды дамушы салалардың бірі болды. ЮНВТО деректері бойынша туризм тауарлар мен қызметтердің әлемдік экспортында төртінші орын, ал табыстылығы бойынша – дүниежүзінде мұнай өндіруші өнеркәсіп пен автомобиль құрылысынан кейін үшінші орын алады.

Заманауи Қазақстанның бай туристік рекреациялық әлеуеті бар, алайда ол туризмді дамытудың жеткіліксіз деңгейімен сипатталады. Оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі шамамен 0,3% құрайды. 2011 жылы туристік қызметтен түсетін кірістер көлемі 145,3 млрд.теңге құрады, бұл 2008 жылдан 2есе артық (77,6 млрд. теңге) [9].

Бұл ел тиімді геосаяси жағдайды алып, ежелгі уақыттан Солтүстіктен Шығысқа және Батыстан Шығысқа көлік пен адамзат ағындарының қиылысы болып табылады. Қазақстанның қысқа мерзімде әлемнің аса дамыған туристік елдерінің қатарына кіретіндей объективті алғышарттары бар. Республиканың географиялық жағдайы бірегей және зор туристік әлеуетпен сипатталады. Бұған өсімдіктер мен жануарлар әлемінің байлығы, көлік жолдарының тармақталған желілері, бірегей мәдени-тарихи ескерткіштер, жеткілікті дамыған саяхат индустриясы және әсіресе қонақжайлық жүйесі ықпал етеді.

Қазақстандағы туристік сала кадрларды қайта даярлау және оны халықаралық туризмдегі жұмыстар үшін жетілдіру шарттары жасалатын экономикадағы мультипликативті әсерлер өлшемі бойынша басқа салалар арасында жетекші болып табылады. Туризмді бір уақытта дамыту құрылыстағы және шектес салалардағы халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайтады.

ӘДЕБИЕТ

[1] XXI ғасырда Ұлы Жібек жолының өркендеуі: теориядан тәжірибеге дейін. Халықаралық автомобиль көлігі одағының және polpred.com. редакциясының бірлескен жобасы – М.,2007. – 65 б

[2] Ахметшин Н.Х. жібек жолының құпиялары – М.: ВЕЧЕ, 2002. – 11 б.

[3] Гурин с., Саяхат, қажылық, туризм // Хаос. – 2007. - №3. – 189 б.

[4] Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы. www.e-talgar.com/,2013

[5] З.Р.Карбетова, Ш.Р. КарбетоваСтратегические приоритеты совершенствования туризма в Казахстане Вестник КазНУ Алматы 2013

[6] Шёлковый путь-Казахстан: возрождение истории, развитие туризма //Казахстанская правда. – № 267 (24207). — 2003 — С. 3.

[7] Развитие туризма вдоль Шелкового пути.visitkazakhstan.kz/, 2013.

[8] Проект Шёлкового пути ВТО. www.sairamtour.com/, 2013.
[9] Казахская часть в Великом Шёлковом пути. Великий Шёлковый путь в Казахстане. www.kazakhstan.orexca.com/, 2013
[10] Ставинский Б.Ф. О международных связях Средней Азии в V - сер. XIII в. // Проблемы востоковеденья. М., 1960, №5.
[11] Ахметшин Н.Х. Тайны Шелкового пути. М., 2002.
[12] Корнилова А.А., Абдыкаримова Ш.Т. Следы архитектурного творчества. // Вестник науки КазГАСА. – Алматы, 2010. – № 2(36). – С. 14–17.
[13] Корнилова А.А., Абдыкаримова Ш.Т. Прогностические тенденции использования Великого Шелкового пути. // Вестник науки КазГАСА. –Алматы, 2010. – № 2(36). – С. 14–17.
[14] Абдыкаримова Ш.Т. Древние сооружения и сети, караванных дорог на Великом Шелковом пути. // Сборник материалов региональной научнопрактической конференции «Перспективы развития Казахстана в условиях глобализирующегося мира». КАТУ им. С. Сейфуллина. – Астана, 2010. С. 108–112.
[15] Абдыкаримова Ш.Т. Особенности развития Великого Шелкового пути на территории Казахстана. // Вестник науки КазАТУ им. С. Сейфуллина. Астана, 2010. – № 3(64). – С. 100–104.

Шамшихан А.М., Тугельбаев С.С.

**Развитие туризма вдоль Шелкового пути**

**Резюме.** Великий Шелковый путь-уникальный исторический памятник человеческой цивилизации. Трансформация казахстанского участка Великого Шелкового пути в привлекательный туристско-рекреационный комплекс является насущной проблемой в развитии туризма в Республике Казахстан. На филиалах казахстанского участка Шелкового пути наиболее перспективными проектами являются развитие туристической инфраструктуры" древний Отрар "и" Древний Туркестан " в Туркестанском регионе. Для развития туризма в сегменте Великого Шелкового пути необходимо повысить эффективность региональной туристской политики, роль структур местного самоуправления в решении проблем комплексного социально-экономического развития туристической отрасли.

**Ключевые слова:** Великий Шелковый путь, туризм, туристско-рекреационные системы, туристическая политика, туристическая инфраструктура.

**A.S. Akashova, P.A. Bakirbayeva, G.B. Aubakirova, D.P. Yekeibayeva, Zh.K. Mukaliyev**
(Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan
e- mail: p.bakirbayeva@gmail.com)

**ANALYSIS OF CURRENT CIRCIMSTANCES FOR THE DEVELOPMENT OF TOURIST ACTIVITY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Abstract.** The article discusses the prospects for the development of social and economic aspects of tourism services that affect the country's economy. Scientific and methodological conclusions and recommendations on the assessment of the social and economic aspects of the tourism services market have been developed and social and economic factors affecting the development of tourism are presented.

**Keywords:** International tourism, tourist cluster, tourist business, market of tourist services, domestic tourism.

**А.С. Акашова, П.А. Бакирбаева, Г.Б. Аубакирова, Д.П. Екейбаева, Ж.К. Мукалиев**
(Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
e- mail: p.bakirbayeva@gmail.com)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

**Түйіндеме.** Мақалада ел экономикасының дамуына әсер ететін туристік қызмет көрсетудегі әлеуметтік - экономикалық аспектілерінің даму болашағын зерттеуге арналды. Туристік қызмет көрсету нарығының әлеуметтік-экономикалық аспектілерін бағалау бойынша ғылыми-әдістемелік тұжырымдар мен ұсыныстар әзірленіп және туризм дамуына әсер етуші әлеуметтік-экономикалық факторлар ұсынылған.

**Түйін сөздер:** Халықаралық туризм, туристік кластер, туристік бизнес, туристік қызмет нарығы, ішкі турзм.

**КІРІСПЕ**

Әлемде экспорттық кіріс, әлеуметтік - экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші ретіндегі туризм жұмыс орындары мен кәсіпорындары ашылып, инфрақұрылымдардың дамуына

серпін беруде, көптеген бағыттар бойынша саяхат сапарлары ашылуда. Қарқынды дамушы және ірі экономикалық сектордың біріне айналған туризм соңғы алты онжылдықта өрісі кеңейіп, өзіндік даму жолына түсті.

Әлемдік тәжірибе туристік бизнестің дамуына салынған қаражаттың мемлекетке қыруар пайда әкеліп отырғанын көрсетті. Негізгі әлеуметтік және экономикалық құбылыс ретінде туризм заманауи жағдайларда көптеген елдің экономикасына әсер етті. Экономиканың пайдалы және аса табысты саласы бола отырып, жалпы ішкі өнімді қалыптастыруда, сыртқы сауда балансын белсендіруде, қосымша жұмыс күшін құруда және халықты еңбекпен қамтуда үлкен рөлге ие. Сондай-ақ, туризм экономиканың негізгі салаларына, атап айтқанда көлік және байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы, халық тұтыну тауарлары өндірісі және т.б. әсер етеді, яғни әлеуметтік-экономикалық дамудың өзіндік катализаторы болып табылады. Өз кезегінде, туризм дамуына демографиялық, табиғи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, діни және саяси-құқықтық сынды түрлі факторлар әсер етеді. [1].

Қазақстандағы кәсіпкерлердің туризмге қызығушылығы келесі факторлармен анықталады: туристік бизнеске үлкен инвестициялар керек емес, бұл салада ірі, орта және шағын фирмалар өзара байланыса отырып, әрекет ете алады, ол капиталды тез айналдыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, (халықаралық туризм саласында) валюталық операциялар есебінен пайда табу және республика халқының демалысын қамтамасыз ету мен денсаулығын қалпына келтіру бойынша маңызды әлеуметтік міндеттерді шешу керек болғанда туризмді дамытудың ұлттық, аймақтық жобаларына мемлекет тарапынан біршама қаражат керек болып табылады. Қазір елімізде осыған қатысты негізгі 5 туристік кластер қолға алынды, осы белгіленген бағыттардың жұмысын оң жолға қою үшін басқару үлгілері мен стратегиялық жоспар қажет. «2020 жылға дейінгі туризмді дамыту Тұжырымдамасы» қабылданып, іске асырылып жатқаны елімізде туризмді дамытудың айғағы болып табылады. Сонымен бірге, еліміз 2017 жылы халықаралық деңгейде ұйымдастырылған «EXPO -2017» көрменің өткізілуі еліміздің халықаралық деңгейде ынтымақтастығын кеңейтіп, ел имиджін арттыруға оң әсерін тигізді [2].

Нарықтық жағдайда туристік нарықты қалыптастыру мен дамыту мәселелерін көптеген алыс шетелдік экономист ғалымдар, атап айтқанда М. Портер, Ф. Котлер, Кифяк В.Ф., Нордин С., Боуэн Дж., Дж.Макенс, Л.Л.Николас өз еңбектерінде қарастырған. Туристік бизнесті дамыту мәселелерін зерттеуге ресейлік ғалымдар – И.Т. Балабанов, Балабанов А.Т., Решетников Е.Г., Темный Ю.В., В.А. Квартальнов, М.Б. Биржаков, И.В. Зорин, Александрова А.Ю., Юрик Р.А. және т.б ат салысты. Туристік қызмет нарығының жеке аспектілері қазақстандық ғалымдардың, атап айтқанда, С.Р.Ердавлетов, Е.С.Никитинский, Э.А. Вуколов, С.К.Сұраганова, Г.М.Дуйсен, Н.Абуев еңбектерінде көрініс табады [3].

**ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Зерттеу объектісі ретінде: Қазақстан Республикасының туристік саласы қарастырылады.

Зерттеу құралы: Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет көрсету нарығын қалыптастыру мен тиімді дамытуда қалыптасатын ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік қатынастардың өзара байланысы.

Жұмыстың теориялық және әдістемелік негізін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері қалады. Зерттеу кезінде жүйелік әдіс, логикалық және экономикалық-статистикалық талдау әдістері, экономикалық-математикалық үлгілеу мен болжау әдістері қолданылды. [4].

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: туристік қызмет көрсету нарығының әлеуметтік-экономикалық аспектілерін бағалау бойынша ғылыми-әдістемелік тұжырымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

- «туристік қызмет нарығы» түсінігі нақтыланды;
- туризм дамуына әсер етуші әлеуметтік-экономикалық факторлар ұсынылды;
- туризм саласының әлеуметтік-экономикалық аспектілерінің даму жағдайы бағаланды;
- туристік компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың әдістемелік бағыттары қарастырылды;
- туристік қызмет көрсету нарығының экономикалық аспектілерін дамытуды стратегиялық жоспарлаудың тұжырымдамалық үлгісі ұсынылды;
- туристік бизнестің әлеуметтік аспектілерін дамытудың болашағы мен туристік қызмет көрсету нарығын дамыту стратегиясы әзірленді [5].

**НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛДАУ**

Қазақстан экономикасында туристік нарықтың дамуы жыл сайын артып отыр. Мемлекет ішкі туристік нарықты қалыптастыру үшін нақты қадамдар жасап, соның негізінде ішкі туристік инфрақұрылымды қалыптастыру, кадрларды дайындау, мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және оны енгізу шараларын жасап отыр. Жалпы ішкі туризм нарығын зерттеу екі бағыт бойынша жүргізілді, олар 2020 жылға дейін Қазақстан туризмін дамыту бойынша маңызды мағынаға ие болып табылатын:

- сатып алушылардың әлеуетінің перспективті нарығын зерттеу;
- туристік іс-әрекетті зерттеу.

Қазақстандықтардың 66% шет елде саяхаттауға қызығушылық танытады, ал үштен бірі Қазақстандағы сервис жағдайының төмендігі мен экономикалық жағдайының келмеуіне байланысты сапар шеге алмайтындығын айтады, осы екі фактор жоспардың бекітілген уақытында неғұрлым жақсарып, халық жыл сайын одан да артық сапар шегуі керек, ол 2020 жылға қарай халықтың ішкі, сыртқы сапарларының саны мөлшермен 10 млн.адамды құрауы мүмкін. [6].

Қазақстанның үш ауданы халық арасында үлкен қызығушылық тудырады, Ақмола облысы – 32 %, Алматы – 26% және Шығыс Қазақстан – 21%. Барлық басқа аймақтар 10% немесе одан төмен пайызды құрады. Ішкі туризм бойынша қазақстандық екі ірі қала (Алматы және Астана) және таулы аудандар (Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облыстары), Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда географиялық жағдайының қолайлығымен ерекшеленеді. [7].

Қазақстандықтардың басым көпшілігінің қандай туристік өнімдерге қызығушылық танытатындығы сауалнама жүргізу негізінде алынды, сауалнамаға Астана қаласының тұрғындары және қалаға келуші туристер қатысты (900 адам), сауалнама нәтижесі өңделіп, төмендегідей қорытындысы шығарылды:

- көлдегі демалыс – 46%;
- туыстарға/достарға бару демалысы– 28%;
- таудағы жазғы демалыс – 23%;
- табиғатқа бағытталған сапарлар(турлар) – 22%;
- балық аулау мақсатындағы демалыс – 15%;
- қаладағы демалыс – 14%;
- мәдениетке бағытталған сапарлар(турлар)– 22%;
- ұлттық парктегі демалыс – 12%;
- Каспий теңізі жағалауындағы демалыс – 10%.

Көптеген туристік агенттіктер қазақстандықтардың Түркия мен Таиландтың жағажайларында демалуға ниетті екендігін айта отырып, ішкі туризм үшін негізгі фактор ретінде төмендегілерді ұсынады:


- көліктік инфрақұрылымды дамыту (41% темір жол; 38% жеңіл және ауыр көлік; 25% ұшақ және 50% дейін әуе көлігінің бағасын қысқарту);
- инфрақұрылымның басқа нысандарын жақсарту;
- орналастырудың халықаралық стандарттарын алу.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2018 ж. Қазақстандағы 1739 орналастыру нысандарындағы төсек-тәулік саны 7 186 444 құрап отыр (кесте 1). [8].

Кесте 1. **2018 ж. орналастыру нысандары бойынша ұсыныс**

| Орналастыру орындары | Нысандар | Бірліктер | Ұсынылған төсек-тәулік |
|---|---|---|---|
| 5-жұлдызды қонақ үйлер | 22 | 2 735 | 683 181 |
| 4- жұлдызды қонақ үйлер | 87 | 3 697 | 685 191 |
| 3- жұлдызды қонақ үйлер | 132 | 6 318 | 1 049 476 |
| 2- жұлдызды қонақ үйлер | 18 | 774 | 126 957 |
| 1- жұлдызды қонақ үйлер | 14 | 712 | 116 147 |
| Жіктелмейтін қонақ үйлер | 955 | 16 863 | 2 811 125 |
| *Қонақ үйлер бойынша аралық қорытынды* | *1228* | *31099* | *5 472077* |
| Басқа орналастыру орындары | 511 | 10 098 | 1 714 367 |
| БАРЛЫҒЫ | 1739 | 41 197 | 7 186 444 |
| Ескерту: Қазақстан Республикасының статистика агенттігі, 2018 ж. | | | |

Кесте мәліметтері бойынша, басқа орналастыру орындарының саны 511, бірліктер 10098 – ді құрайды, ол барлық орналастыру орындарының басқа қонақ үйлердегі төсек - тәулік үлесі 30,4% болса, ал жалпы орналастыру орындарындағы төсек-тәулік 23,8% құрайды. Елімізде «жіктелмеген қонақ үйлер» және «басқа уақытша орналасу орындары» категориясына кіретін уақытша ақылы орналасу орындарының мөлшері 87,3% құрайды, олардың ұсынатын төсек-тәулік сандары 62,9 %, бұл, Қазақстанда ұсынатын уақытша орналастыру бойынша қызметтердің төрттен үшінің сапасы халықаралық нормаларға сай келмейтіндігін көрсетеді. Келесі суретте қонақ үй санатына кіретін орналастыру орындарының үлестік диаграммасы келтірілген (сурет 1).




**1-сурет** 2018 ж. жіктелетін орналастыру нысандарының құрылымы
Ескерту: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, 2018 ж.

1 сурет бойынша 4 және 5 жұлдызды қонақ үйлер барлық жіктелген нысандардың 33% құрайды, ал 1 және 2 жұлдызды нысандар көлемі 18% құрап отыр, яғни, егер жіктеу әдістері мен стандарттарын ескермесе жалпы орналастыру нысандарының құрылымын жағымды деп есептеуге болады, себебі елімізде 3 жұлдызды қонақ үйлер саны артуда. Осы нысандардың 37,6% Астана, Алматы қалалары мен Ақмола және Алматы облыстарында орналасқан, одан кейін Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстары (сәйкесінше 16,5%, 10%) уақытша орналастыру объектілерінің ең көп шоғырланған аймағы ретінде тіркелген. Ал жатын орындар саны бойынша Астана мен Алматы қалаларындағы 4 және 5 жұлдызды қонақ үйлер (сәйкесінше 15 және 20) басымдылықта, қалған облыстарда 4 және 5 жұлдызды қонақ үйлер саны аз, Қызылорда, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында мүлде осы санаттағы қонақ үйлер жоқ. [9].

2018 жылы туристік сала нысандарының саны артты, ол 2017 жылмен салыстырғанда 4,6% - артық артық өсімді құрайды, ал туристік саладан түскен түсім 122 млрд. теңге, ол 2017 жылмен салыстырағанда 56% артық, бюджетке түскен кіріс 4,8 есе артты (39,6 млрд. теңге). Бір жағынан елдегі туристік қызметпен айналысатындардың санының артуымен байланысты (кесте 2)

Кесте 2. **Туристік қызметпен айналысатын кәсіпорындармен жеке кәсіпкерлердің саны**

| Көрсеткіштер | 2014ж. басына | 2015 ж. басына | 2016 ж. басына | 2017 ж. басына |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы | 1 276 | 1 350 | 1 715 | 1 994 |
| Ақмола | 34 | 33 | 48 | 45 |
| Ақтөбе | 28 | 30 | 33 | 38 |
| Алматы | 44 | 37 | 97 | 49 |
| Атырау | 25 | 32 | 35 | 38 |
| Батыс Қазақстан | 20 | 26 | 25 | 30 |
| Жамбыл | 21 | 19 | 24 | 27 |
| Қарағанды | 83 | 94 | 113 | 157 |
| Қостанай | 34 | 37 | 45 | 53 |
| Кызылорда | 2 | 6 | 11 | 10 |
| Маңғыстау | 30 | 31 | 34 | 61 |
| Оңтүстік Қазақстан | 25 | 31 | 52 | 89 |
| Павлодар | 59 | 62 | 61 | 65 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Солтүстік Қазақстан | 23 | 21 | 18 | 20 |
| Шығыс Қазақстан | 60 | 51 | 68 | 88 |
| Астана қаласы | 92 | 169 | 208 | 270 |
| Алматы қаласы | 696 | 671 | 843 | 954 |
| Ескерту: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, 2018 ж. | | | | |

Қазақстанға келуші көшбасшы турист елдер ретінде – Өзбекстан (36%), Ресей (20%) және Қырғызстан елдерінің (12,6%) туристерін айтуға болады, ал ТМД-дан басқа 2013– 2017 жылдары Қытайдан 154 226, Түркиядан 60 728, АҚШ-тан 25 606, Ұлыбританиядан 26 530, Оңтүстік Кореядан 16 963, Италиядан 15 161, Үндістаннан 14 716 келген туристерді көрсетуге болады.

Жалпы Қазақстан Республикасында туризм түрлері бойынша сапарлардың негізгі мақсаттары болып еңбек демалысы, туысқандар мен таныстарға бару, іскерлік мақсаттағы сапарлар мен діни - қажылық, шоп туризмін алуға болады. 2018 жылдың басына ең көп сапарлар еңбек демалысы кезінде болған, оған барлық сапарлардың 80% мөлшері тиесілі, одан кейінгі орында іскерлік (8,4%) және дүкен аралау мақсатындағы сапарлар (7,4%) болса, ең төменгі көрсеткіш басқа мақсаттарға (0,6%) және діни-қажылық мақсаттағы сапарларға (0,2%) тиесілі.

Қазақстандықтар үшін соңғы 5 жылда Түркия негізгі туристік орталық болып табылды, оның нарықтық үлесі 50% құрайды. Одан кейін Қытай, БАӘ (10%), Таиланд және Мысыр (6%) мемлекеттері, Европалық Болгария, Хорватия, Италия, Франция елдері. [10, 11].

Қазақстан үшін жеңіл визалық процедуралар ұсынды, Қазақстаннан шығатын туристер үшін негізгі өнім жағажай туризмі болып табылады. Қазақстанда ақылы уақытша тұратын объектілердің толтырымдылық көрсеткіштері халықаралық бәсекелестік деңгейінен төмен деңгейде, бірақ, Маңғыстау мен Атырау облыстары неғұрлым жоғары көрсеткішке ие, ондағы толтырымдылық осы аймақтың жұмыс бабындағы іскерлік сапарлар маңыздылығына байланысты.

Толтырымдылықтың орташа көрсеткіші 4 жұлдызды қонақ үйлер үшін бәсекелестік деңгейден төмен болып отыр, ол 4 жұлдызды сегментте соңғы үш жылда ұсыныстардың артуы мен түсіндіріледі. Сондықтан жаңаны сандар өзінің шаруашылық қызметінде тұрақтандыру кезеңінде болады және тұрақты көрсеткіштерге жете алмайды. Бірақ, жіктелімі жоқ қонақ үйлердің және басқада орналастыру нысандарының нөмірлік қорларының орташа толтырымдылық коэффициенті үлкен алаңдаушылық тудырады, себебі олар бәсекелестік деңгейден төмен мөлшерде, сәйкесінше 24,3 %, 12,5 % болып отыр. [12].

Құрылыс және жабдықтар бағасы жеткілікті деңгейде бәсекеге қабілетті болып табылады. Туризм саласында қызмет атқаратын мамандардың пікірінше, 5 жұлдызды қонақ үйдің құрылысы мен жабдықтарын ұйымдастыру (мысалы, бөлме) 80 000 - 100 000 еуро тұрады, ол халықаралық көрсеткіштен 10-20% кіші.

Қазақстанға Өзбекстан, Ресей және Қырғызстан, Қытай, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания елдерінен туристер көп келеді. Елге келген шетелдіктердің жалпы санының 38% немесе 200 000 адамнан астамы Алматы қаласына тиесілі. Ал Атырау мен Астана қалаларының үлесіне 20% (100 мың адамнан артық) тиесілі. Айта кетерлігі, 4 негізгі қала (Маңғыстау облысының Ақтау қаласына жұмыспен келгендер) жоғары туристік ағынмен ерекшеленеді, елге келуші шетелдіктердің 85% осы қалаларға тиесілі, жұмыс шетелдіктерді елге шақырушы неғұрлым күшті фактор болып табылады. Орналастыру орындары нысандарының саны аз, бағалық бәсекеге қабілеттілік жағдайында үлкен мәселені туындатады, жіктелімі жоқ басқада орналастыру орындарының сапасы төмен. Қазақстанда әуебилеттердің бағасы да өте қымбат, теміржол тасымалы неғұрлым бәсекеге жарамды, бірақ ол барлық халықаралық саяхатшылардың инфрақұрылым сапасы мен халық саны бойынша көпшілік нарығын қанағаттандыра алмайды. [13,14].

Қазақстанның туристік нарығын дамыту стратегиясы.Туризм саласын дамыту үшін стратегия әзірлеу керек, ол ішкі туризмнің жалпы және жеке бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Туристік қызмет көрсету нарығының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы дамытуға бағытталған мемлекетттік басқару органдарының қоғамның іскер адамдарының, қоғамдық және саяси ұйымдардың қызметін анықтауға мүмкіндік береді [15].

Қазақстан Республикасының туризмін дамытатын стратегиялық жоспар жаһандық өзгерістерге жауап беретін елде жаңа туризм дамуына негіз болады,

Ол туризм саласында осы саланың ағымдық жағдайына құрылымдық, басқарушылық өзгерістер бойынша ұсыныстар береді. Жоспарды дайындау бес негізгі стратегиялық мақсатқа негізделеді және Қазақстан Республикасы оларды туризм дамуын басқару үшін негіз ретінде алады:

• Қазақстан Республикасының халықаралық танымал туристік бағытталған орнын анықтау;
▪ инфрақұрылымды және қолжетімділікті дамыту;
▪ жаңа туристік әсерлерді, тауарларды және қызметтерді құру;
▪ басқару және институционалды даму жүйесі;
адами ресурстар әлеуетін дамыту. (2-сурет).




**2-сурет** Қазақстанның туристік даму стратегиясы
Ескерту:Авторлар құрастырған.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Туризм саласының әлеуметтік-экономикалық аспектілерінің даму жағдайына бағалау жүргізілді. Туризм, баяу дамуда, еліміз туристік әлеуетке бай, туристердің көпшілігі бұрынғы ТМД елдерінің халқы, еліміздегі мәдени құндылықтар кәсіби туроператорларға белгілі болса да, көпшілік туризм үшін қол жетімді емес. Елімізде халықаралық туристік ағынды қалыптастыру үшін жағымды географиялық жағдайға бағытталғандығын білу үшін, шығу туризмінің жағдайы бағаланды, жалпы Қазақстанның шығу туризмінің ағыны өте аз. Елдегі көліктік жағдай, қымбат баға, дамымаған инфрақұрылым Қазақстанды туристік бағыттағы деңгейін халықаралық деңгейде төмен *–қолайсыз* деп бағалауға себеп болып отыр. Кез келген елдің туризміне саяси тұрақтылық үлкен әсер етеді.

Сонымен бірге, туристік қызмет көрсетудің бәсекеге қабілеттілігі анықтауға болатын нақты кезеңдерден тұрады, онда туристік қызметке қойылатын талаптарды қалыптастыру және бағалауға жататын бірлік көрсеткіштер тізімін анықтау, бәсекелестік қабілеттігінің бірлік көрсеткішінің маңыздылығын, біртекті ұқсас топтарды қалыптастыру және салыстыру үшін қызмет таңдау, бағаланатын және базалық қызметтер көрсеткіштерінің мәндерін анықтау және олардың салыстырылуы, кешендік көрсеткішін анықтау арқылы анықталады.

Жақын болашақта туризмнің даму аймағында, мақсаттарды қалыптастыру мен жүзеге асыруды Үкімет өзінің басшылығына алады, және Қазақстан Республикасындағы туризмнің жүйелік жоспарының дамуы құрал ретінде қолданылады. Туризмнің ғаламдық даму процесіне кіруде, дамудың белгілі міндеттері және айқын қызығушылықтарымен байланысты, қандайда болсын Үкімет негізгі стратегиялық шешімдерді қолдану қажет. Аталған стратегиялық шешім, жоғары мемлекеттік деңгейде қабылдануы қажет, себебі туристік өнеркәсіп – ұзақ мерзімді теңдестірілген өнеркәсіп ретінде, бастапқы кезеңінде, мемлекеттің қарқынды қолдауын қажет етеді. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін туризмін дамыту бойынша тұжырымдамасы негізінде 4 кезеңді

стратегиялық жоспар әзірленді, ол жаһандық өзгерістерге жауап беретін елде жаңа туризм дамуына негіз болады, туризм саласында осы саланың ағымдық жағдайына құрылымдық, басқарушылық өзгерістер бойынша ұсыныстар береді. Жоспарды дайындау бес негізгі стратегиялық мақсатқа негізделді.

ӘДЕБИЕТ

[1] «2020 жылға дейінгі туризмді дамыту Тұжырымдамасы», Астана, 2013

[2] Қазақстан туризмі / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / 2018 г. 64 бет

[3] Ordenbek MAZBAYEV L.N., Rina AGYBETOVA L., Ordenbek MAZBAYEV L.N. , Zhaxylyk AKIMOV L.N., Aitolkyn TLEUBAYEVA L.N. Research on the Development Model of Cross Border Kazakh Ethnic Cultural Tourism. Journal of Environmental Management and Tourism, [S.l.], v. 9, n. 8, p. 1751-1759, apr. 2019. ISSN 2068-7729. Available at: <https://journals.aserspublishing.eu/jemt/article/view/3126>. Date accessed: 11 may 2019. doi: https://doi.org/10.14505//jemt.v9.8(32).14.

[4] Ағыбетова Р.Е., Әлімбеков Д.А., Бекболатова Ә.М. Туристік қызмет нарығын жетілдіруде отандық туристік кластерлерді құру, дамыту мәселелері. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Хабаршы, II бөлім, Астана, 2014, 7-9б.

[5] ERNAWATI, Ni Made et al. Forest Environment Supports for Community-Based Tourism Development. Journal of Environmental Management and Tourism, [S.l.], v. 9, n. 8, p. 1635-1641, apr. 2019. ISSN 2068-7729. Available at: <https://journals.aserspublishing.eu/jemt/article/view/2979>. Date accessed: 11 may 2019. doi: https://doi.org/10.14505//jemt.v9.8(32).01.

[6] Еспаев С.С., Киреева А.А. Ұлттық кластерлерді қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы. –Алматы, 2013.т -234 б.

[7] Гаврилов А.Ю. Влияние социально-экономических факторов на развитие ресурсного потенциала туризма на региональном уровне. Дис. Экон. Наук 08.00.05. Москва, 2012

[8] Европейская Комиссия по вопросам туризма и путешествий европейских и группового туризма, http://www.etc-corporate.org/, Май 2012

[9] Unwto-tourism-highlights. http://mkt.unwto.org/publication -2014-edition, -3 б.)

[10] Гаврилов А.Ю. Влияние социально-экономических факторов на развитие ресурсного потенциала туризма на региональном уровне. Дис. Экон. Наук 08.00.05. Москва, 2012

[11] Invest in Kazakhstan, http://www.invest.gov.kz/, accessed October, 2012

[12] ЮНВТО. “Барометр туризма”, том 10, подписка на издание, июль 2013

[13] Европейская Комиссия по вопросам туризма и путешествий европейских и группового туризма, http://www.etc-corporate.org/, Май 2012

[14] Travel and Tourism Competitiveness report, 2013

[15] Нурмаганбетова А., Агибетова Р. Казахстанский рынок туристских услуг: основні напрямки підвищения конкурентоспроможності туристичних підпремств. Алтуальні проблеми Есономіки., 2014, Киев, 111-122 с.

Ақашова А.С., Бакирбаева П.А., Аубакирова Г.Б., Екейбаева Д.П., Мукалиев Ж.К.

**Анализ современных условий развития туристической деятельности в Республике Казахстан**

**Резюме.** В статье рассматриваются перспективы развития социально-экономических аспектов туристических услуг, влияющих на экономику страны. Разработаны научно-методические выводы и рекомендации по оценке социально-экономических аспектов рынка туристических услуг и представлены социально-экономические факторы, влияющие на развитие туризма.

**Ключевые слова:** Международный туризм, туристический кластер, туристический бизнес, рынок туристических услуг, внутренний туризм.

УДК 552.31

**[1]A. Yousufi, [1]A. Bekbotayeva, [2]A. Muszynski**

([1]Kazakh National Research Technical University named after K.I.Satbayev, Republic of Kazakhstan, Almaty, [2]Adam Mickiewicz University, Poland, Poznan, E-mail: a.yousufi@kpu.edu.af)

## INTRUSIVE NATURE OF THE LOGAR ULTRABASITIC MASSIF IN AFGHANISTAN

**Abstract.** In this article, we studied the intrusive nature of the Logar ultrabasitic massif of one of the regions of southeastern Afghanistan, which is a part of the Alpine folded region in the middle part of the Kabul tectonic zone. The Logar ultrabasitic massif is mainly composed of various peridotites and in the second step they are made of dunites, harzburgites, pyroxenites, lersolite, in the various degree of serpentinization. The contact of these rocks in different part is seen with carbonate rocks, shale-carbonate, and shale-chlorite.

**Key words.** ultrabasitic, dunite, rocks, intrusive nature, contact zone, peridotite.

**[1]А.Юсуфи, [1]А.А. Бекботаева, [2]A.Muszynski**
([1]Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И Сатпаева, Алматы, Республика Казахстан
[2]Адам Мицкевич Университет, Польша, Познань, E-mail: a.yousufi@kpu.edu.af)

# ИНТРУЗИВНАЯ ПРИРОДА ЛОГАРСКОГО УЛЬТРАБАЗИТОГО МАССИВА В АФГАНИСТАНЕ

**Аннотация.** В настоящей статье изучена интрузивная природа Логарского ультрабазитого массива одного из районов юго-восточного Афганистана, входящего в состав Альпийской складчатой области в средней части Кабульской тектонической зоны. Логарский гипербазитовый массив сложен, главным образом, различными перидотитами и в подчиненном количестве дунитами, гарцбургитами, пироксенитами, лерцоллитами, которые в разной степени серпентинизированы. Контактируют с ними карбонатные сланцево-карбонатные, сланцево-хлоритовые породы.

**Ключевые слова.** Ультрабазиты, дуниты, интрузивная природа, контактовая зона, перидотит.

**Введение:** Гипербазитовые породы в земной коре имеют магматическую природу и механизм проникновения силикатных расплавов всех типов в верхние слои земной коры в принципе одинаков. Однако в последнее десятилетие господствующее положение приобрели представления, по которым следует, что в верхние слои земной коры гипербазитовые тела внедрялись в холодном состоянии, образуя так называемые протрузии [1], а кристаллизация ультрабазитовых расплавов происходит в нижних слоях земной коры и происходила главным образом в домезозойское время, а затем по глубинным разломам породы внедрялись в верхние слои земной коры. Таким образом, кристаллизация ультраосновной магмы и внедрение ультрабазитов в земную кору оказывается сильно разорванными во времени [2]. При этом А.В. Пейве указывает, что "никто и нигде в пределах Альпийско-Гималайского пояса не мог надежно доказать интрузивно-магматического внедрения ультрабазитов, контакты ультрабазитов неизменно оказывались тектоническими, никаких высокотемпературных изменений найдено не было, а наблюдаемый иногда глаукофановый метаморфизм связан с зонами сильной тектонизации". Подобные взгляды на механизм формирования ультрабазитов Альпийской складчатой области получили широкую поддержку со стороны многих исследователей.

В процессе исследования для географической привязки геоботанических описаний с помощью GPS-приемника определялись их координаты (таблица 1). На основе собранных в полевых исследованиях материалов на каждый из полевых периодов созданы атрибутивные таблицы с присоединенными к ним значениями долготы и широты. Далее таблицы были экспортированы в отдельные слои.

Таблица 1. **Наименование и расположение ключевых участков по маршруту полевых экспедиционных исследований**

| № кл. учас. | Наименование и расположение | Координаты |
|---|---|---|
| 1 | У поймы реки Иртыш, в 5 км севернее с.Аккулы | N51°29'08,61" E77°43'53,48" |
| 2 | У реки Иртыш, на южной окраине села Бескарагай | N51°21'00,70» E77°53'54,16» |
| 3 | Северная часть оз. Лебажье, в пяти км южнее трассы М-38 (Павлодар-Семей) | N51°27'45,91" E77°52'18,82" |
| 4 | Восточная часть озера Щербакты, вдоль трассы М-38, вблизи села Щербакты. | N51°23'43,99" E78°16'38,75" |
| 5 | 7 км южнее села Шака, юго-восточная часть Аккулинского района | N51°42'04,03» E79°00'26,72» |
| 6 | У озера Шалдай, северо-восточная часть Аккулинского района | N51°53'48,76" E78°48'08,85" |
| 7 | Западная окраина села Казы, кустарниковая роща вблизи оз.Казы | N51°43'25,84» E78°03'50,52» |
| 8 | Луговая поляна в 2 км юго-западнее села Ямышево | N51°53'06,54" E77°22'08,15" |

**Результаты исследования**

В результате фитосоциологического анализа было выделено 7 ассоциаций, 10 субассоциаций и 3 безранговых сообщества (рисунок 2).





**Рис. 2.** Карта растительности Аккулинского района

Галофитные луга (1). Получили значительное распространение и характеризуются преобладанием в травостое пырея ползучего, вейника наземного, вострец, бескильницы тончайшей, подорожника наибольшего, солодки уральской, девясила британского, полыни селитряной, приуроченных к луговым засоленным почвам и солонцам.

Разнотравно-солодково-злаковая ассоциация (2). Формируется на луговых засоленных почвах замкнутых понижений рельефа при глубине залегания минерализованных грунтовых вод 1,5-2 м. Проективное покрытие почвы растительностью составляет 90%. В травостое доминируют ячмень короткоостистый и пырей ползучий с общим проективным покрытием 60%. Менее обильна солодка уральская - 15% и бодяк съедобный — 10%. Сопутствующие виды имеют общее проективное покрытие не более 5%: вострец, вейник наземный, полынь австрийская, лабазник обыкновенный, лабазник вязолистный, лапчатка вильчатая, астра алтайская, осока черноко-лосая и гониолимон красивый. Структура травостоя двухъярусная: первый ярус (40-60 см) формируют ячмень короткоостистый, пырей ползучий и солодка уральская, второй (20-30 см) - бодяк съедобный, осока черноколосая и астра алтайская.

Остроосоковая ассоциация (3). Формируется на лугово-болотных засоленных почвах замкнутых понижений рельефа с глубиной залегания минерализованных грунтовых вод 1-1,5 м. Проективное покрытие почвы растительностью 100%. С проективным покрытием 95% в травостое доминирует осока острая. Остальные 5% проективного покрытия приходятся на вейник ложнотростниковый, бескильницу гигантскую, полевицу белую, чихотник хрящеватый, триостренник морской. Структура травостоя одноярусная при высоте 60-80 см.

Злаковая ассоциация (4). Сформировалась на лугово-каштановых сильно солонцеватых почвах в слабо пониженных участках рельефа, где глубина грунтовых вод достигает 4 м. Проективное покрытие почвы растительностью составляет 75%. С проективным покрытием 60% в травостое доминируют ковыль красноватый, вейник наземный, тонконог стройный. Менее обилен типчак (10%). Сопутствующие виды (5%); волоснец узкий, осока ранняя, зубровка обыкновенная. Структура травостоя двухъярусная: первый ярус (35-50 см) формируют ковыль красноватый и вейник наземный, второй (10-30 ем) - тонконог стройный, типчак и др.

Разнотравно-злаковая ассоциация (4а). Сформировалась лугово-кащтановых слабозасоленных почвах в слабо пониженных участках рельефа с залеганием грунтовых вод на глубине 4 м. Проективное покрытие почвы растительностью 75%. С проективным покрытием 40% в травостое доминируют вейник наземный и волоснец узкий. Менее обильны (25%) лапчатка вильчатая и солодка уральская. Сопутствующие виды (10%): тонконог стройный, бескильница тончайшая, осока ранняя, одуванчик лекарственный, лабазник обыкновенный, типчак. Структура травостоя двухъярусная: первый ярус (35-50 см) формирует вейник наземный, второй (10-30 см) - лапчатка вильчатая.

Полынно-разнотравно-злаковая слабо сбитая ассоциация (4б). Проективное покрытие почвы растительностью 60-65%, доминируют (40%) вейник наземный и волоснец узкий мене обильны Q5%) солодка уральская, полынь австрийская и полынь холодная. Сопутствующие виды (10%) типчак, тонконог стройный, зопник клубненосный, одуванчик лекарственный. Структура травлстоя двухъярусная: первый ярус (35-50 см) формируют вейник наземный и волоснец узкий, второй (10-25 см) - полынь австрийская, полынь холодная и типчак.

Разнотравно-злаково-полынная средне сбитая ассоциация (4в). Проективное покрытие почвы растительностью 50-55%. В травостое с проективным покрытием 20-30% доминируют волоснец узкий и полынь австрийская. Менее обильны (15%) вейник наземный, солодка уральская и горец птичий. Сопутствуют (10%) типчак, полынь холодная, зопник клубненосный, лапчатка вильчатая и одуванчик лекарственный. Структура травостоя двухъярусная: первый ярус (30-40 см) формируют волоснец узкий и вейник наземный, второй (10-20 см) – полынь австрийская и горец птичий.

Кермеково-селитряннополынная ассоциация (5). Формируется на солонцах луговых корковых солончаковых замкнутых понижений рельефа при глубине залегания грунтовых вод 2 м. Проективное покрытие почвы растительностью 45%. В травостое доминирует полынь селитряная, проективное покрытие которой составляет 30%. Менее обилен кермек Гмелина - 9%. Сопутствующие виды: камфоросма марсельская, лебеда бородавчатая, соссюрея горькая -имеют общее проективное покрытие не более 5%. Структура травостоя одноярусная 15-30 см высоты.

Типчаково-полынная ассоциация (6) формируется на солонцах степных средне-солончаковатых слабоволнистой равнины при умеренном и значительном пастбищном использовании. Проективное покрытие почвы растительностью 45-50%. В травостое доминируют с проективным покрытием 45% полынь холодная и типчак. С проективным покрытием 3% в состав сообщества входят грудница

татарская, лапчатка бесстебельная, кермек Гмелина. Структура травостоя одноярусная, высота составляет 10-25 см.

Ковыльно-типчаковая ассоциация (6а) формируется на каштановых обычных почвах слабоволнистой равнины при залегании грунтовых вод более 6 м. Проективное покрытие почвы растительностью 65-70%. В травостое доминируют тырса и типчак, проективное покрытие которых составляет 60%. Им сопутствуют с общим проективным покрытием менее 5% змеевка растопыренная, тонконог стройный, овсец пустынный, лапчатка бесстебельная и зопник клубненосный. Структура травостоя двухъярусная. Первый ярус (40-50 см) формирует тырса, второй (10-25 см) – типчак.

Полынно-тырсово-типчаковая слабо выбитая ассоциация (6б). Проективное покрытие почвы растительностью составляет 55-60%. В травостое доминируют тырса и типчак с общим проективным покрытием 45%. Менее обильны полынь австрийская и полынь холодная (10%). Сопутствуют с общим проективным покрытием не более 6% змеевка растопыренная, тонконог стройный, житняк, лапчатка бесстебельная. Структура травостоя двухъярусная: первый ярус (35-45 см) формирует тырса, второй (10-25 см) -типчак и полыни.

Тырсово-типчаково-полынная средне выбитая ассоциация (6в). Проективное покрытие, почвы растительностью составляет 50-55%. В травостое доминируют типчак, полынь австрийская и полынь холодная (40%). Менее обильная тырса занимает 7% проективного покрытия. С общим, проективным покрытием не более 5% сопутствует змеевка растопыренная, лапчатка бесстебельная и тонконог стройный.

Полынно-злаковая ассоциация (7). Формируется на солонцах лугово-степных мелких и средних солончаковатых слабо пониженных участков рельефа с глубиной залегания минерализованных грунтовых вод 5 м. Проективное покрытие почвы растительностью 55-60%. В травостое доминируют с общим проективным покрытием 40% полынь Шренка и вострец. Менее обилен типчак - 10%. Сопутствующие виды: полынь холодная, волоснец узкий, кермек Гмелина. Их общее проективное покрытие не превышает 5%. Структура травостоя одноярусная при высоте 15-30 см.

Тростниковая ассоциация (8). Формируется на лугово-болотных почвах замкнутых понижений рельефа при глубине залегания слабоминерализованных грунтовых вод на глубине 1-1,5 м. Проективное покрытие почвы растительностью 95-100%. Эдификатором сообщества при проективном покрытии 95% и высоте 1-2,5 м является тростник южный. Единичными особями встречаются тростянка овсяницевая, осока черноколосая, осока острая, триостренник морской.

Осиново-березовые леса (9). Сформировались в пониженных элементах рельефа с дополнительным натечным увлажнением и неглубоком залегании пресных грунтовых вод. Часто данные сообщества являются одной из стадий пирогенных восстановительных смен растительности на месте сосновых гарей. В древостое доминирует береза бородавчатая с примесью (иногда значительной) осины. В кустарниковый ярус входят шиповники, боярышник кроваво-красный, таволга городчатая и таволга зверобоелистная. В травостое встречаются тимофеевка степная, вейник наземный, пырей ползучий, земляника лесная, лабазник обыкновенный, кровохлебка лекарственная, клевер люпиновый и другие виды.

Сосновый лес (10). Формируется на боровых песках и является основным типом леса на обследованной территории. Происхождение лесных массивов культурное. Древостой чисто сосновый из сосны обыкновенной с единичной примесью березы бородавчатой и осины. Большинство насаждений находится в приспевающем и жердняковом классах возраста. Кустарниковый и травяной ярус практически отсутствует. Поверхность почвы покрыта толстым слоем хвойного, веточного и шишкового опада, мощность которого местами достигает 3 см.

**Выводы**

В результате полевых и камеральных работ осуществлена классификация типов растительности в пределах исследуемого района и выделены эталонные (типичные) участки (исходя из их репрезентативности для данной территории), для которых составлены ключи (эталоны) дешифрирования материалов аэрокосмической съемки, а полученные данные экстраполированы для аналогичных участков. По результатам разработана компьютерная база данных «Растительность Аккулинского района» в программном обеспечении ArcGIS10.1, содержащая большой объем современной информации по геоботанике, а также подготовлены материалы для проектирования районной экологической сети, обеспечивающей сохранение биоразнообразия и экологический баланс на территории Павлодарской области. База географических данных подробных геоботанических описаний и установление точного местоположения фитоценозов позволит проводить долговременный мониторинг их состояния.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». Об одобрении Республикой Казахстан Конвенции о биологическом разнообразии и организации выполнения предусмотренных ею обязательств. http://adilet.zan.kz/rus/docs/P940000918 (дата обращения: 03.05.2019).

[2] Бассейн Урала: история, география, экология / А. А. Чибилёв; Отв. ред.: Ж. Т. Сивохип, О. А. Грошева; Институт степи УрО РАН. - Екатеринбург: УрО РАН, 2008. - 312 с.

[3] Динамика ресурсов лекарственных растений Павлодарского Прииртышья и их использование - Прозорова Т.А. Павлодар, 2010. – с.254.

[4] Прозорова Т.А., Черных И.Б. Биоразнообразие растительности Павлодарского Прииртышья. - Павлодар: НПФ ЭКО, 2002.- 238 с.

[5] Прозорова Т.А., Черных И.Б. Флора и ресурсы лекарственных растений поймы реки Иртыш Павлодарского Прииртышья. - Павлодар: НПФ ЭКО, 2002.- 264 с.

[6] Родман Л.С. Ботаника. - М.: Колос, 2001 г.

[7] А.К. Тулохонов, Б.З. Цыдыпов, А.Л. Волошин, Д.Ж. Батуева, Ц. Чимэддорж. Пространственно-временные характеристики растительного покрова аридной и семиаридной климатических зон монголии на основе индекса вегетации NDVI. // Аридные экосистемы. – Улан-Удэ: из-во Байкальский институт природопользования, 2014. - Т 20, № 2 (59). – С. 19-29.

[8] Лабутина И.А. Дешифрирование аэрокосмических снимков. - М.: Аспект Пресс, 2004. -184 с.

[9] Myneni R.B., Doug J., Tucker C.J.,Kaufmann R.K., Kauppi P.E., Liski J., Zhow L., Alexeyev V., Hughes M.K. A large carbon sink in the woody biomass of Northern forests // Proceedings of the National Academy of Sciences, USA PNAS. - 2001. - Vol. 98 (26). - P. 14784-14789.

[10] Виноградова А.И., Попова Т.А., Семенова Н.Н. // Аэрометоды геологических исследований. Л., 1971. С. 24-38.

[11] Лабутина И. А. Использование данных дистанционного зондирования для мониторинга экосистем ООПТ: метод. пособие / И. А. Лабутина, Е. А. Балдина. – М., 2011. – 88 с.

[12] Токарева О. С. Обработка и интерпретация данных дистанционного зондирования Земли: учеб. пособие / О. С. Токарева. – Томск: Изд-во Том. политех. ун-та, 2010. – 148 с.

[13] Флора Казахстана. Т.Т. 1-9.- Алма-Ата: АН Каз. ССР, 1956-1966 г.

Берденов Ж.Г., Мендыбаев Е.Х., Камкин В.А., Атаева Г.М., Инкарова Ж.И.

**Павлодар облысы аққулы ауданының өсімдіктер жамылғысының кеңістіктік - уақыттық сипаттамаларын зерттеуде қашықтықтан зондтау әдістерін қолдану**

**Резюме.** Ғылыми жұмыста Павлодар облысы Аққулы ауданының қашықтықтан зондылау деректері бойынша өсімдіктер жамылғысына сипаттама берілді. Жұмыста дешифрлеудің әртүрлі әдістемелерін зерделеу негізінде орташа диапазондағы ғарыштық түсірілімдерді талдау және өңдеудің негізгі әдістері сипатталды. Географиялық координаталарды бөлу бағытындағы далалық экспедициялық зерттеулердің мағлұматтары келтірілді. Қазіргі заманғы өсімдіктер жамылғысының жүйелі талдау негізінде толық сипаттамасы көрсетілді. Зерттелген аймақтың геоботаникалық сипаттамасы негізінде биоалуантүрліліктің геоақпараттық деректер қорын құру тәжірибесі қарастырылды. Зерттеулеріміздің нәтижесі ретінде Павлодар облысы Аққулы ауданының қазіргі заманғы өсімдіктер картасы жасалды.

**Түйінді сөздер:** өсімдік жамылғысы, биоалуантүрлілік, спутниктік бейнелер, өсімдіктер бірлестігі.

ӘОЖ 504.4.054

**Kabiyev E.[1], Berdenov Zh. G.[1], Musabaeva M. N.[1], Mendybayev E.H.[2], Ataeva G.M.[2]**

([1] L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
[2]K.Zhubanov Aktobe regional State University, Aktobe, Kazakhstan.
E-mail: yerlanustaz@gmail.com)

**GEOECOLOGICAL STATUS OF SURFACE WATERS OF THE DELTA OF THE RIVER ZHAIYK**

**Abstract:** The article deals with the hydrological regime of the Zhaiyk Delta as a result of expeditionary observations in 2016-2018. The paper presents the results of chemical analysis of surface water samples from key observation sites along the perimeter of the river Delta (study area). A geographic database on the state of surface waters has been established for the two-year collection of evidence to integrate data with published material stocks for prediction and modelling of geoecological zoning.

**Keywords:** river delta, hydrochemical parameters, geoecological state

**Кабиев Е.С.[1], Берденов Ж.Г.[1], Мусабаева М.Н.[1], Мендыбаев Е.Х.[2], Атаева Г.М.[2]**
([1] Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.
[2]Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, Актобе, Казахстан.
E-mail: yerlanustaz@gmail.com)

# ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІ АТЫРАУЫ БЕТТІК СУЛАРЫНЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

**Аңдатпа:** Мақалада 2016-2018 жж. экспедициялық бақылаулар нәтижесіндегі Жайық өзені атырауының гидрологиялық режимі қаралған. Жұмыста өзен атырауының негізгі бақылау учаскелерінен алынған су сынамаларының химиялық талдау нәтижелері келтірілген. Нақты материалдарды екі жыл ішінде жинақтауда, геоэкологиялық аудандастыруды болжау және модельдеу үшін жарияланған қор материалы мен деректерді интеграциялау мақсатында өзен атырауы суларының жағдайы бойынша географиялық деректер базасы құрылды.

**Түйін сөздер:** өзен атырауы, гидрохимиялық көрсеткіштер, геоэкологиялық жағдай.

## Кіріспе

Беттік сулар – қоршаған ортаның маңызды компоненттерінің бірі және олардың жай-күйінің көрінісі болып табылады, көбінесе экологиялық жағдайға шешуші әсер етеді. Жайық өзенінің атырауындағы сулардың желқума құбылысы процестері сулардың араласу айналымына, әсіресе, тұзды теңіз суының ағыс бойымен Атырау қаласына дейін жоғары қарай енуіне айтарлықтай әсер етеді. Соның нәтижесінде грунт суларының тұздану деңгейі артып өзеннің жоғарғы жайылмасындағы ағаш өсімдіктерінің өсуі тоқтайды [1].

Жайық өзенінің сағалық аймағының су режимі өзеннің бастауына, өзен атырауының гидрографиялық желісінің морфологиясы мен өткізу қабілетіне, гидротехникалық және мелиоративтік іс-шараларға, сондай-ақ Каспий теңізі деңгейінің ауытқуына байланысты. Жайық өзенінің беттік сулары – аймаққа келетін тұщы судың жалғыз ірі көзі болып табылады. Орта есеппен Жайық өзені жылына 8 км$^3$ тұщы су әкеледі – яғыни Каспий теңізін қоректендіруде Еділ өзенінен кейінгі екінші орында [2]. Ағынның басым бөлігі (60-80%) көктемгі су тасқыны кезінде (сәуір-мамыр) келеді. Осы уақытта өзеннің төменгі сағасындағы судың құйылуының ені он шақырымға жетуі мүмкін [3]. Жалпы бұндай процес көп уақыттарда өзен атырауы маңының өнімділігін қамтамасыз етті, бірақ теңіз деңгейінің 1970-ші жылдардың соңына дейінгі төмендеуі кезінде Жайық өзенінің арнасының шөгуі орын алып, ағындар екі ірі тарамдарға шоғырланды. Бұл жағдайдың орын алуына антропогендік факторлардың да ықпалы болғанын айта кеткен жөн.Осы кезеңде сол жағалаудағы бірқатар су ағындарының жойылуы орын алды. Бұл атыраудың шығыс бөлігі мен сағалық теңіз жағалау аймағына судың, минералды және органикалық заттардың келуінің азаюына, кейде тіптен толық тоқтауына алып келді. Сондықтан, антропогендік және табиғи факторлардың қарқынды әсері бар Жайық өзенінің әлсіз атыраулық жүйесінің беттік суларының қазіргі заманғы гидрологиялық процестерін үнемі қадағалау өзекті болып табылады және ерекше назар аударуды талап етеді.

Зерттеу аумағы. Зерттелетін аумақ Жайық-Каспий су бассейніне жатады. Гидрографиялық тор Жайық өзенін және оның су айдыны құятын Каспий теңізін құрайды. Жайық өзені Оңтүстік Орал тауларының баурайларынан бастау алады және Қазақстанның шекарасын кесіп өтіп, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының аумағы арқылы Солтүстік Каспиге құяды. Оның Қазақстан аумағы бойынша ұзындығы 1084 км құрайды. Жайық өзені бассейнінің жалпы ауданы 237 000 км$^2$ құрайды. Елек өзенінің құламасынан төмен Жайық ағысы айқын емес, Батыс Қазақстан облысының жоғарғы шекарасынан су ағынын шашырау (жоғалту) аймағы басталады (сурет 1) [4].





**Сурет 1.** Жайық өзені бассейнінің гидрографилық торы [5].

Зерттеу ауданы Каспий маңы ойпатының оңтүстік бөлігінде беткейдің – 27 м төмен абсолюттік шамада орналасқан. Зерттеу ауданының геологиялық қимасында іргетасы мен платформалық шөгінді тысы айқын көрінеді. Іргетастың кристалдық жыныстары аймақ шегінде 7-8 км тереңдікте орналасқан. Шөгінді қабаттың құрамында тұзасты, тұзды және тұзүсті кешендері бар. Тұзүсті кешені – жоғарғы пермдік жыныстардан бастап төрттік жыныстарды қоса алғандағы кешен. Бұл негізінен әктас пен мергельдің қабаттары бар сазды-құмды құрылымдар [6].

Каспий теңізі жағалауындағы теңіздік аллювиалды-атыраулық жазығы атыраулық және атырауаралық бөліктерге бөлінеді. Олардың ішінде Жайық өзенінің атыраулық бөлігі ерекше қызығушылық танытады. Теңіз маңы бөлігінде 100 км және жоғары 60 км-ге дейін трапециялық пішіндегі Жайық өзенінің атырауы ғарыштық түсірілімдерде жақсы көрінеді (сурет 2а).

Қазіргі заманғы Жайық өзенінің атырауы - Каспий деңгейінің ауытқуы нәтижесінде түрліше өзгеріске ұшыраған және хвалыннан кейін пайда болған түрлі жастағы өзен атырауының жүйесі. Жас атыраулар теңіздің ұзақ уақыт тұрақты болғандығын көрсетеді, ең кең аллювиальды атырау -22 м деңгейінде. Ең жас атырау, соңғы жүзжылдықта қалыптасқан және оның беті жоғары жайылма деңгейіне сәйкес келеді. Қазіргі уақытта ол теңіздің тікелей әсер ету аймағында және оның көптеген бөліктері су астында қалған, кейбірінде әлі де теңіз суы біртіндеп басуда (сурет 2б).




а) б)

**Сурет 2.** Жайық өзенінің атырауы; а) Landsat 7TM ғарыштық түсірілімінен көрініс; б) зерттеу аумағының шекара картасы.

**Зерттеу материалдары мен әдістері**. Материалдарды жинау және талдау кезінде географиялық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды (бақылау, картаға түсіру, беттік су сынамаларын геохимиялық талдау). Зерттеу барысында балықтардың қоныс аудару мерзімі мен ұзақтығына әсер ететін маңызды экологиялық көрсеткіш болып табылатын өзеннің температуралық режимін өлшеу жұмыстары жүргізілді. Беттік су температурасы бір мезгілде жүретін бірнеше процестердің нәтижесі болып табылады: күн радиациясы, булану, атмосферамен жылу алмасу, жылудың ағыспен тасымалдануы, суды турбулентті араласуы және т.б. Су температурасы – су айдынында болатын физикалық, химиялық, биохимиялық және биологиялық процестерге әсер ететін маңызды фактор. Су температурасына оттегі режимі мен өзін-өзі тазарту процестерінің қарқындылығы айтарлықтай тәуелді.

Антропогендік әсер ету жағдайындағы су айдынының экологиялық жай-күйінің маңызды көрсеткіші судағы биогенді элементтердің шоғырлануы болып табылады. Бұл алдыменен ең оңай сіңірілетін азоттың және фосфордың минералды қосылыстарына қатысты. Биогенді элементтерге маусымдық өзгергіштік тән, олардың судағы құрамы фитопланктонның вегетациясымен тығыз байланысты. Осыған байланысты қыста фитопланктон биомассасының төмендеуі кезінде фосфордың концентрациясы артады, ал жазда керісінше – фитопланктонмен тұтынылатын фосфордың құрамы төмендейді.

Зерттеудегі маңызды мәселе гидрологиялық су шығыны болып табылады. "Қазгидромет" РМК ұсынған қор материалдарының мәліметтерінде Жайық өзенінде болған бірқатар басты су тасқындары тіркелген – 1914, 1922, 1923, 1931, 1940-42, 1946-48, 1957, 1970, 1993-95 жж. Өзендегі ең үлкен су шығыны – 14 000 $м^3$/с, 1942 жылы су тасқыны кезінде байқалған (бақылау кезеңінде судың орташа ең үлкен шығыны 3000 $м^3$/с –ке тең) [7].

Жайық өзені орта және төменгі ағысында (Атырау қаласының маңын қоспағанда) қатты бұрылып иреленденген, ескі арналар мен жайылмалық көлшіктер мол. Бұл ескі арналар мен жайылма көлшіктері құнды кәсіптік балық түрлерінің уылдырық шашатын орны ретінде маңызды рөл атқарады. Көбіне ескі арналардың жалпы ауданы Батыс Қазақстан облысының аумағындағы негізгі өзен арнасының үстіңгі беткі су ағысы өлшемінің бірлігінен асып түседі. Бірақ төменгі ағыста ескі арналардың саны (яғни, олардың ауданы) су ағысы өлшемінің бірлігіне қатысты қысқарады, ал Атырау қаласына жақындағанда олар мүлдем жоқ (мұнда арнаның иреленденуі Каспий теңізінің деңгейінің көпжылдық ауытқуының әсерінен айтарлықтай азайған).

Жайық өзенінің негізгі арнасы (біздің зерттеуіміздің аумағы шегіндегі Жайық атырауы) құмды және қиыршық тас шөгінділерімен, жағалаулары сазды және сазды шөгінділермен қалыптасқан. Көктемгі су тасқыны кезінде жағалаулардың, әсіресе оң жақ жағалаулардың қарқынды шайылуы байқалады. Жайық өзенінің оң жағалауының кейбір учаскелерде су деңгейдің едәуір көтерілуі кезінде ені бойынша шайылу жолағы жылына 10-15 м-ге артады.

Солтүстік-шығыс Каспий ағыс режимі бойынша екі негізгі ауданға бөлінеді: Жайық өзенінің теңіз жағалық сағасы және айдынның қалған бөлігі. Жайық өзенінің сағасында ағыстың бағыты өзен ағынымен анықталады. Су ағынының 80%-ын өткізетін Жайық-Каспий каналындағы су ағысының жылдамдығы су тасқынында 100-150 см/сек жетуі мүмкін, саябырланған кезінде 20-35 см/сек болады. Сағалық аймақта ағыс оңтүстік-батысқа бағытталып, содан кейін теңізге жақындағанда оңтүстік-шығысқа қарай бұрылады. 2-метрлік изобаттан аса жатқан ашық су айдындарында жел ағымдары басым болады. Су массаларының нәтижелі тасымалдануы мұнда өзен ағысы мен желдің бірлескен әрекетімен анықталады. Судың үстіңгі қабатында ағыс желдің бағытына сәйкес болады. Екі қабатты ағындар тереңдігі 5 метр және одан да көп аудандарда пайда болуы мүмкін, судың әртүрлі қабаттарында оның астындағы бағыты үстіңгі қабатқа қарама-қарсы болған кезде әртүрлі бағыттағы ағыстар да пайда болады. Желдік ағыстар тез (1-3 сағат ішінде) күшейеді және тез басылады, желдің жылдамдығы мен бағытына сәйкес өзгертеді. 5 м/с-тан кем жылдамдықтағы желдер тұрақты ағыс тудырмайды. Күшті және тұрақты желдер кезінде ағыс жел жылдамдығына және фазасына сәйкес келетін белгілі-бір бағытқа ие. Жел бағытын ауыстырған кезде ағыс схемасы күрт өзгереді. Жазда жел күші, бағыты жиі ауысқанда, тұрақты ағыстар әлсіз, тұрақсыз ағыстарға айналады [8].

**Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар.** Біздің зерттеулеріміз 2016-2018 жылдардың ерте көктем, жаз және күзгі кезеңін қамтыды. Өзен атырауы периметрі бойынша микрокомпоненттерді құрайтын химиялық талдау жасау үшін беттік суларының сынамаларын алуға 10 бақылау учаскелері нақтылап алынды. Сынамаларды алу [9] бойынша жүргізілді. Талдау «Қазгидромет» РМК-нің сертификатталған зертханаларында жасалды (сурет 3).

Жайық өзенінің температуралық режиміне сәуір-мамыр айларында уылдырық шашу кезеңінде судың баяу қызу үрдісі тән. Жайық өзеніндегі су температурасының ең жоғарғы мәні шілде айының екінші жартысынан бастап тамыздың бірінші жартысына дейін байқалады. Тамыздың екінші жартысында су температурасының төмендеуі басталады. Сынамаларды іріктеу учаскелерінде су температурасының мәні 12,2 – 19,1 с шегінде өзгеріп отырды. Судың орташа температурасы 15,65 ˚С құрады.

Табиғи сулардың лайлануы ерімейтін немесе коллоидты органикалық емес және органикалық заттармен байланысты жұқа дисперсті қоспалардың болуымен байланысты. Сипатталуы: әлсіз опалесценция, опалесценция, әлсіз, елеулі және күшті лай.




**Сурет 3.** Бақылау нүктелерінің картасы

Судың лайлануы 82,3-12,0 NTU (47,734-6,96 мг/л) шегіндегі көрсеткіштермен сипатталды. Лайлылықтың ең төменгі көрсеткіштері (12,0 - 20,2 NTU) өзен сағасынан және офшорлық кен орындарынан неғұрлым алыс теңіздік зерттеу нүктелерінде байқалды. 33,4 – 58,9 NTU шегіндегі лайлықтың жоғары көрсеткіштері Жайық өзені мен Приморск каналының арнасындағы нүктелерге тән, бұл Жайық өзенінің су ағысының маусымдық процестеріне және өзеннің жоғарғы сағасынан келетін лайлағыш заттарға байланысты (кесте 1).

Кесте 1. **Бақылау нүктелері бойынша судың лайлану көрсеткіші**

| № б.н. | Бақылау нүктелерінің атауы | Координаттары | Лайлылық шамасы NTU (1 NTU = 0.13 мг/литр) |
|---|---|---|---|
| **1** | Ақжайық ауылы тұсындағы Жайық өзеніндегі бақылау нүктесі Өзен атырауының солтүстік жағы | 51°38’39’’В / 47°54’17’’С | 50-58,9 |
| **2** | Махамбет ауылы тұсындағы Жайық өзеніндегі бақылау нүктесі | 51°35’38’’В / 47°40’43’’С | 40-55,1 |
| **3** | Өзеннің Бақсай тармағындағы бақылау нүктесі (шығыс жағы) | 51°19’08’’В / 47°24’25’’С | 30-45,6 |
| **4** | Алга ауылы тұсындағы Жайық өзеніндегі бақылау нүктесі | 51°51’26’’В / 47°25’31’’С | 28,1-30,5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **5** | Атырау қаласы тұсындағы Жайық өзеніндегі бақылау нүктесі | 51°53’19’’В / 47°05’47’’С | 25,7-30,4 |
| **6** | Өзен атырауының шығыс жақ арнасындағы бақылау нүктесі | 52°20’09’’В / 47°00’50’’С | 15-27 |
| **7** | Дамба ауылы тұсындағы Жайық-Каспии арнасындағы бақылау нүктесі | 51°40’28’’В / 46°55’35’’С | 12,1-17,5 |
| **8** | Өзен атырауының оңтүстік-батыс жағындағы Каспии теңізі жағалауындағы бақылау нүктесі | 51°09’43’’В / 46°55’19’’С | 12,8-20,5 |
| **9** | Пешной түбегіндегі бақылау нүктесі, Каспии теңізіндегі су сынамаларын алу. | 51°47’11’’В / 46°48’11’’С | 12,5-13,8 |
| **10** | Каспии теңізінен оңтүстік-шығыстағы өзен атырауындағы бақылау нүктесі | 52°17’51’’В / 46°48’36’’С | 12,0-17,2 |

Негізгі учаскелерден алынған сынамаларды химиялық талдаудың нәтижелері барысында ең үлкен pH (8,40 – 8,80) шамасы аумақтың тыныш қалыпты жағдайында байқалатыны анықталды. Ең төмен pH мәндері 5, 9, 10 учаскелерінде байқалды. Су тасқыны кезеңінде (сәуір, мамыр) pH шамасы 6,20-дан 8,20-ға дейін төмендейді.

Жайық өзенінің суы негізінен орташа алғанда 500-600 мг/л тең минералданған гидрокарбонатты (натрий немесе кальцийлі топтар) болып табылады. Судың минералдануы өзен суының молдылығына тығыз байланысты екені белгілі [10].

Осылайша, Жайық өзенінің төменгі сағасында орташа жылдық минералданудың ең төменгі мәні 1987 жылы (орташа жылдық 335 $м^3$/с шығын кезінде 386 мг/л) белгіленген, ал орташа жылдық минералданудың ең жоғарғы мәні 92,4 $м^3$/с шығын кезінде 664,3 мг/л құрады. Яицк каналында минералдану Золотой тарамына қарағанда біршама жоғары. Бірақ мұндай үрдіс теңізден дауыл соққан кезде бұзылады. Теңізге жақындаған сайын атыраудағы судың минералдану дәрежесі өседі. Елеулі өзгерістер аумақтың саябырланған кезеңінде байқалады. Су тасқыны кезінде бұл заңдылық сақталмайды және іс жүзінде байқалмауы мүмкін [11]. Саябырланған кезеңде минералданудың ең жоғары жылдық мәні байқалады (грунт суларының есебінен). Ал сонда да қыс мезгілінде ол жоғарғы-аллювиальды сулардың аз қатысуынан жазғы-күзгі сабырсыған кезеңіне қарағанда көп. Минералданудың қысқы мәндері 800-1500 мг/л құрайды. Жайық өзенінің– Махамбет ауылының гидрологиялық бекетінде ең көп 1260 мг/л минералдану (шығыны 75,0 – 80,0 $м^3$/с болғанда) 1984 ж. қысқы кезеңде байқалған [12].

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей маусым айынан бастап еріген сулардың ағуы тоқтағаннан кейін Cl - және Na+ иондарының құрамы артады, барлық негізгі учаскелерде минералданған су өз класын хлоридті-натрийлі етіп өзгертеді. Осылайша, хлоридтер мен сульфаттар концентрациясының ішкі жылдық тербелістері жалпы минералдану режимінің фазалары бойынша өзгерістермен синхронды түрде ағып өтеді және тиісінше 300-ден 20 мг/л-ға дейін және 200-ден 50 мг/л-ға дейіні шамада тыныш жағдайдан су тасқыны кезіне дейін төмендейді. Зерттеу нәтижелері бойынша судың гидрокарбонатты иондармен қанығуы жыл бойы 100-ден 300 мг/л-ге дейін өзгереді деген қорытынды жасауға болады. Беттік сулардағы кальций мен магний иондарының шоғырлануы тиісінше 50-ден 100 мг/л-ге дейінгі және 8-ден 80 мг/л-ге дейінгі шектерде өзгереді. Бақылау нүктелерінде (1, 3, 7, 8, 9) алынған су сынамаларында минералдануды тұщы деп, ал теңіз станцияларының бақылау нүктелерінде тұзды деп сипаттауға болады. Талдау нәтижелері өзен мен арналарда 0,2-ден 1,6 ppm-ге дейін және теңізде 1,9 ppm-ден 4,9-ға дейін өзгереді.

Судағы нитратты иондардың құрамын бақылау, олардың ерте көктемде 8,0 мг/л-ге дейін ұлғаюын және жазғы – күзгі кезеңде 0,05-0,5 мг/л-ге дейін азаюын көрсетеді. Кремний иондарының құрамы күз мезгілінен көктемгі-жазғы су тасқынына дейін арта отырып, үлкен өзгергіштікпен (0,1-30 мг/л) сипатталады, бұл ластанған қардың еруімен және арнаға ағуымен байланысты. Фосфаттармен қанығуы орташа есеппен 0,002-ден 0,090 мг/л-ге дейін ауытқиды. Олардың экстремалды-жоғары мәндері су тасқыны кезінде белгіленген (0,257; 0,653 мг/л). Бұл, әлбетте, олардың алаңдарда шайылуымен байланысты. Жалпы темірдің мөлшері 0-ден 2,68 мг/л аралығында ауытқиды. Су тасқыны кезеңінде оның ең үлкен мәні (5,5 мг/л дейін) байқалады, бұл техногендік аумақтарда шайылумен байланысты.

Фосфордың қосылыстары табиғи суларға өлген су организмдерінің ыдырауынан, олардың су түбіндегі шөгінділермен алмасуынан, жыныстарының еруі нәтижесінде түседі. Су айдынын шаруашылық мақсатында пайдалану минералды фосфор концентрациясының артуына әкеледі, бұл өз кезегінде су айдынының эвтрофталануын тудырады. Жоба аумағындағы табиғи ортаның экологиялық

жай-күйіне көктемгі зерттеулер жүргізу нәтижелері бойынша сынама алу нүктелерінде жалпы фосфордың құрамы 0,025-тен 0,101 мг/дм$^3$ аралығында ауытқиды. Күзгі зерттеу нәтижелері бойынша фосфордың орташа құрамы - 0,063 мг/дм$^3$ (кесте 2).

Жалпы азот азоттың минералдық және органикалық формаларының мөлшерін анықтайды. Минералдық азотқа қарағанда органикалық азоттың айтарлықтай көп болуы табиғи суларға тән құбылыс. Азот мөлшері бақылау нүктелерінде 2,008-3,083 мг/дм$^3$ шегінде ауытқып тұрды. Азоттың орташа құрамы 2,54 мг/дм$^3$ құрайды (кесте 2).

Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі кезінде Жайық өзенінің атырауына теңіз суларының енуі байқалады. Бұл судың гидрохимиялық құрамында да өзгеріс тудыруы мүмкін. Минералдану жоғарылайды. Иондардың құрамының да өзгеруі мүмкін. $Ca^{2+}$ тұздарының мөлшері азайып, және $Mg^{2+}$ артуы мүмкін. Бұл жағдайда биологиялық заттардың тұзды суда бұзылуына байланысты нитраттар мен нитриттердің азаюы күтіледі [13].

**Кесте 2** – Негізгі иондар мен судың минералдануы (2016-2018 жж. орташа жылдық мөлшері)

| Сынама алу орны | Ингредиенттердің атауы мг/дм$^3$ | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Аммоний иондары ($N_{жалпы}$) | $H_2PO_4^-$ (Жалпы фосфор) | pH | $NO_3^-$ | $SO_4^{2-}$ | $Na^+$ | $Cl^-$ |
| 1-Бақылау нүкте | 2,1 | 0,02 | 7,5 | 0,08 | 0,02 | 55 | 104 |
| 2-Бақылау нүкте | 2,02 | 0,91 | 7,8 | 0,85 | 0,4 | 59 | 100 |
| 4-Бақылау нүкте | 2,45 | 0,1 | 7,2 | 2,1 | 0,09 | 103 | 158 |
| 5-Бақылау нүкте | 2,54 | 0,02 | 8,0 | 3,4 | 0,1 | 124 | 102 |
| 7-Бақылау нүкте | 2,008 | 0,63 | 7,9 | 0,89 | 0,4 | 156 | 145 |
| 9-Бақылау нүкте | 3,0 | 0,056 | 8,2 | 4,5 | 0,35 | 148 | 156 |
| 10-Бақылау нүкте | 3,08 | 0,048 | 8,8 | 4,9 | 0,6 | 200 | 178 |

Барлық зерттеу нүктелерінде күкіртті сутегінің ($H_2S$) құрамы 0,001-ден 0,004 мг/дм$^3$ дейін ауытқиды. ШРК-ның асып кетуі (0,003 мг/дм$^3$) 7 нүктесінде белгіленді. Күкіртті сутегінің шекті рұқсат етілген 0,003 мг/дм$^3$ деңгейі 7, 9, 10 сағалық нүктелерде белгіленген. Қалған алты сағалық нүктелер күкіртсутегінің 0,002 мг/дм$^3$ тең көрсеткіштерімен сипатталады. Күкіртті сутегінің ең төменгі 0,001 мг/дм$^3$ мөлшері теңіз нүктелерінде белгіленген. Өзеннің сағалық бөлігінде күкіртті сутегінің мөлшерінің жоғары болуы органикалық заттардың көп жиналуымен түсіндіріледі. Органикалық заттардың одан әрі ыдырауы біраз мөлшердегі күкіртсутектің қалыптасуына әкеледі [14].

Синтетикалық беттік-белсенді заттар (СББЗ). Мониторинг станцияларындағы күзгі зерттеулер нәтижелері бойынша СББЗ-ның құрамы 0,005-0,01 мг/дм$^3$ шегінде болды. Орташа құрамы 0,0075 мг/дм$^3$ құрады. ШРК-нен асушылық байқалмады. Құрамында синтетикалық беттік-белсенді заттар анықтау бойынша су сынамаларын зерттеу нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

**Кесте 3.** Беттік сулардың гидрохимиялық көрсеткіштері (Бақылау учаскелерінде барлық зерттеу кезеңіндегі орташа мәні)

| № н.б. | Жайық өзені бойындағы учаскелердің атауы | СЛИ | Су сапасының көрсеткіштері және Ингредиенттер | Орташа концентрациясы мг/л | ШРК-дан асу еселігі |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Атырау қаласы тұсындағы Жайық өзеніндегі бақылау нүктесі | 0,95 | ОБТ5 | 2,2 | 0,84 |
| | | | СББЗ | 11,32 | 0,53 |
| | | | Мыс | 0,001 | 0 |
| | | | Фенол | 0,005 | 2,5 |
| | | | Мырыш | 0,001 | 0 |
| | | | Қорғасын | 0,01 | 1 |
| | | | Хром | 0,001 | 0,1 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Пешной түбегіндегі бақылау нүктесі, Каспии теңізіндегі су сынамаларын алу. | 1,55 | ОБТ5 | 3,47 | 0,87 |
| | | | СББЗ | 9,92 | 0,60 |
| | | | Мыс | 0,44 | 8,8 |
| | | | Фенол | 0,001 | 1,0 |
| | | | Мырыш | 0,157 | 1,57 |
| | | | Қорғасын | 0,065 | 6,5 |
| | | | Хром | 0,022 | 2,2 |

2018 жылдың мамыр-маусым айларында фондық бақылау кезінде судың құрамындағы 5 металға талдау жасадық: қорғасын (Pb), мырыш (Zn), темір (Fe), мыс (Cu), хром (Cr).

Жайық өзенінің сағасындағы барлық учаскелердегі қорғасын (Pb) мөлшері 0,001 мг/дм$^3$ –ден 5 нүктесінде 0,063 мг/дм$^3$ –ге дейін; мырыш (Zn) 0,001 мг/дм$^3$-тен 0,154 мг/дм$^3$ –ге дейін; темір (Fe) 0,0425 мг/дм$^3$-тен 7,1868 мг/дм$^3$ –ге дейін; мыс (Cu) 0,016 мг/дм$^3$-тен 0,047 мг/дм$^3$ –ге дейін; хром(Cr) 0,001 мг/дм$^3$-тен 0,022 мг/дм$^3$-ге дейін; (кесте 3).

Талдау нәтижелері көрсеткендей сынамалар алынған барлық нүктелерде, әсіресе теңізге жақындаған сайын қорғасын мөлшерінің (Pb) ШРК (0,03 мг/дм$^3$) артуы байқалады, тек 5, 8, 10 нүктелерінен басқа.


Сондай-ақ 2, 3, 5, 7 нүктелерінде және теңізге жақын учаскелерде темірдің (Fe) мөлшерінің ШРК (1,0 мг/дм$^3$) артуы байқалады.

Көктемгі зерттеулерді жүргізу кезінде фенолдар 0,005 мг/дм$^3$-тен 0,44811 мг/дм$^3$-ке дейінгі концентрацияларда белгіленген, ШРК-ның артуы 1в, 2В, 5в, 7в, 9в, 10в нүктелерінде белгіленген. Бақылау учаскелері бойынша фенолдардың орташа құрамы 3-кестеде көрсетілген.

Полиароматикалық көмірсутектер (ПАК). Сынамаларды іріктеу нүктелерінде судағы ПАК құрамы 0,00823-тен 0,4090 мг/дм$^3$ көрсеткішке дейін болды. Нафталин бойынша салыстырмалы жоғары көрсеткіштер 0,0-ден 0,0582 мг/дм$^3$–ке дейін белгіленген. Флуорен құрамы 0,0-ден 0,102 мг/дм$^3$-ке дейін көрсеткішке ие болды. Аценафтилен, фенантрен, антрацен, флуорантенбенз(а)антрацен құрамы 0,0-ден 0,3193 мг/дм$^3$ дейінгі шектерде өзгеріп тұрды.

Зерттеу кезеңінде Жайық өзенінің атырау арнасындағы судың сапасы орташа есеппен "орташа ластанған" деп сипатталды, үшінші класқа жатады, СЛИ орташа – 0,95. Зерттелетін аумақтағы теңіздегі судың сапасы "ластанған" ретінде сипатталады, төртінші класқа жатады, СЛИ орташа – 1,55. Бұл қорғасын мен фенолдардың шоғырлануының ұлғаюына байланысты, өйткені кеме қатынасы жақсы дамыған және техногендік өндірістер жақын орналасқан.

Гидрохимиялық көрсеткіштердің нәтижелерін біз, Жайық өзенінің атырауына арнап құрылған ArcGIS 10.1 бағдарламасындағы геомәліметтер базасына енгіздік (сурет 4). Бұл база өзен атырауы аумағының мерзімді мониторингі үшін, табиғи ортаның геоэкологиялық жай-күйін болжау және модельдеу үшін құрылды.




а) б)

**Сурет 4.** ArcGIS 10.1 бағдарламасындағы Жайық өзені атырауының геомәліметтер базасы

**Қорытынды.**

2016-2018 жылдар аралығында негізгі учаскелер бойынша жағалау аумақтарының суларын зерттеу нәтижесінде өзен атырауының беттік сулары "орташа ластанған" деп сипатталатыны анықталды. Теңіз акваториясына жақындаған сайын беттік сулар неғұрлым көбірек ластанған және "ластанған" деп сипатталатыны анықталды.

Белгіленген қызметті жүзеге асыру кезінде табиғи ортаның компоненттеріне кері әсерді болдырмау бағытында ҚР Экологиялық кодексінің талаптары мүлтіксіз сақталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Полонский В. Ф., Байдин С. С. Распределение и перераспределение стока в дельте реки Волги // Тр. ГОИН. – 1982. – Вып. 161. – С. 111–122.

[2] Байтуриева Ж. У., Бухарицин П. И. Водный режим дельты реки Урал // Вестник АГТУ. – 2006. №6 (35). С. 219-222.

[3] Беркович, К.М., Иванов, В.В. Экологическая напряженность, возникающая при антропогенных изменениях гидрологического и руслового режима рек // Проблемы оценки экологической напряженности территории России: факторы, районирование. - М.: МГУ, 1993.

[4] Биологическое обоснование целесообразности проведения мелиоративных работ на Яицком канале-рыбоходе, включая правый и левый Яицкие рукава реки Урал и прогноз ожидаемых результатов. Алматы. ТОО «КазНИИРХ», 2014.

[5] Интернет көздері. https://yandex.kz/images/search?pos=0&img_url=https%3A%2 F%2Fupload. wikimedia.org%2Fwikipedia%2Fcommons%2Fthumb. (Дата обращения 10.02.2019).

[6] Кабиев Е., Берденов Ж.Г., Мусабаева М.Н., Мендыбаев Е.Х., Инкарова Ж.И. Ландшафтный анализ дельты реки Жайык // Вестник КазНИТУ, №5 (129). – Алматы, 2018. С. 26-34.

[7] Гидрометеорология и гидрохимия морей, том VI. Каспийское море, вып.1. Гидрометеорологические условия. - СПб: Гидрометеоиздат. 1992.

[8] Отчет НИР. Предварительная оценка воздействия на окружающую среду (предовос) к ТЭО размещения пассажирского терминала на территории «Северо-Каспийской экологической базы реагирования на разливы нефти» при проведении морских нефтяных операций. СНС-087-Е-2016-12-001-003, ТОМ 3. ТОО «Центр дистанционного зондирования и ГИС «Терра». Алматы, 2016. – 266 с.

[9] ГОСТ 31861-2012. ВОДА. Общие требования к отбору проб.

[10] Каспийское море. Гидрология и гидрохимия. Отв. редакторы Байдин С.С., Косарев А.Н., Наука, 1986г.

[11] Биологическая продуктивность Каспийского моря; отв. ред. Ю.Ю. Марти и др. – М.: Наука, 1974.

[12] Экологические фоновые исследования строительства Северо-Каспийской базы Аджип ККО. Алматы. ТОО «ЦДЗ и ГИС «Терра». 2002.

[13] Шиварева С.П. Особенности гидрометеорологического режима Каспийского моря вдоль казахстанского побережья // Гидрометеорология и экология.1995. №1.

[14] Отчет о НИР «Оценка экологического состояния экосистем и растительных сообществ водно-болотных угодий (дельта реки Урал и прилегающее побережье Каспийского моря, Тенгиз-Кургальджинской системы озер и Алаколь-Сасыккольской системы озер) в пределах границ ВБУ международного значения и разработка мер по их сохранению (с использованием ГИС)», 2004, ТОО «ЦДЗ и ГИС «Терра».

[15] С.А.Абдрахманов, К.Б.Базарбаев, А.Р.Медеу. Русско-Казахский словарь географических терминов. – Алматы, 2011. – 358 с.

[16] университеті экология кафедрасының профессоры, б.ғ.к., Қазақстан, Астана.

Кабиев Е.С., Берденов Ж.Г., Мусабаева М.Н., Мендыбаев Е.Х., Атаева Г.

**Геоэкологическое состояние поверхностных вод дельты реки жайык**

**Резюме.** В статье рассмотрен гидрологический режим дельты реки Жайык в результате экспедиционных наблюдений 2016-2018 гг. В работе приведены результаты химических анализов проб поверхностных вод с ключевых участков наблюдения, заложенных по периметру дельты реки (исследуемой территории). По двухлетнему сбору фактического материала была создана база географических данных по состоянию поверхностных вод для интеграции данных с опубликованными фондовыми материала для прогнозирования и моделирования геоэкологического районирования.

**Ключевые слова:** дельта реки, гидрохимические показатели, геоэкологическое состояние.

УДК 53.06

**[1]A.A. Tolegenova, [2]N.Albanbay, [3]A.T.Zhetpisbayeva, [1]B.Zh. Medetov, [1]A.T.Isimova, [2]K.N.Taisariyeva**
([1]Al-Farabi Kazakh National University,
[2]The Kazakh National Research Technical University after K.I.Satbayev,
[3]S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, akmaral.tolegenova90@gmail.com)

## DETERMINATION OF THE SPECTRAL CHARACTERISTICS OF TFBG TYPICAL OPTICAL FIBERS FOR THE USE AS A SENSOR BY TESTING

**Abstract.** Due to the increase in the use of sensors of inclined fiber Bragg grating (Tilted fiber Bragg grating - TFBG) to determine the refractive index, it is necessary to improve and propose new methods of calculation. This paper proposes a new calculation method. Used a TFBG with tilt angle 80 and the experiment was conducted for 24 the value of the refractive index and the dependences of the width of the spectrum bandwidth, its minimum and energy from the index of refraction.

**Key words:** optical fiber, tilted fiber Bragg grating, spectrum width, spectrum energy.

**[1]А.А.Толегенова, [2]Н. Албанбай, [3]А.Т. Жетписбаева, [1]Б.Ж. Медетов,**
**[1]А.Т.Исимова, [2]Қ.Н.Тайсариева**
([1]Әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
[2]Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
[3]С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, akmaral.tolegenova90@gmail.com)

## TFBG ТИПТЕС ОПТОТАЛШЫҚТАРДЫ СЕНСОР РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ СПЕКТРАЛДЫҚ СИПАТТАМАЛАРДЫ ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҮЗІНДЕ АНЫҚТАУ


**Аңдатпа.** Талшықты көлбеу Брэгг торын (Tilted fiber Bragg grating- TFBG) сыну көрсеткішін анықтайтын датчик ретінде қолдану үшін есептеу әдістерін жақсартып, жаңа әдістерді ұсыну керек. Бұл мақалада есептеудің жаңа әдісі ұсынылады. Көлбеу бұрышы $8^0$ TFBG қолданылды, эксперимент сыну көрсеткішінің 24 мәні үшін жасалды және өткізу спектрі енінің, оның минимумының және энергиясының сыну көрсеткішіне тәуелділігі тұрғызылды.

**Түйінді сөздер:** оптоталшық, талшықты көлбеу Брэгг торы, спектр ені, спектр энергиясы.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда талшықты көлбеу Брэгг торының (Tilted fiber Bragg grating- TFBG) көмегімен іске асқан бірнеше датчиктердің түрлері бар: аниондардың концентрациясын бақылауға арналған [1], көлбеу талшықты Брэгг торының өткізу қуатын өлшеуге негізделген сыну көрсеткішінің датчигі [2], қоршаған ортаның сыну көрсеткіші мен сұйықтық деңгейін қатар өлшейтін датчик [3], механикалық және биохимиялық датчиктер [4], талшықтың өзекшесіндегі легірлеуші қоспалардың концентрацияларының корреляциясымен сыну көрсеткішін анықтайтын датчик [5], TFBG өңдеу әдісі мен дымқыл химиялық кремнеземның біргуі арқылы алынған сыну көрсеткішінің датчигі [6] және т.б. Жоғарыда айтылған датчиктердің өзіндік ерекшеліктері бар. Алайда, TFBG оптоталшықты датчиктердің қолдану аясының кеңеюіне байланысты өлшеу әдістерін жақсартып, жаңа түрлерін ұсыну керек. Біздің жұмыста ұқсас өлшеу әдістерін қолдана отырып, есептеудің жаңа әдісін ұсындық.

Біздің есебіміздің ұқсас есептерден айырмашылығы, біз экспериментті сыну көрсеткішінің 24 мәніне жүргіздік және спектр енінің, оның минимумының және энергиясының сыну көрсеткішіне сызықты тәуелділігі алынды.

**Эксперименттік бөлім**. Экспериментте талшықты брэгг торының көлбеу бұрышы 8 градусқа тең және оның құрылымы (1- сурет) жарық сезгіш бірмодалы оптоталшыққа фазалық маска әдісі бойынша салынды. Бұл жерде TFBG тордың ұзындығы мен периоды, сәйкесінше, 10 мм және 540 нм.





**1-сурет.** TFBG типтік құрылымы

Ортаның сыну көрсеткіші судың құрақ қанты қосылған ерітінді арқылы берілді. Ол үшін қанттың әр түрлі концентрациясымен 24 ерітінді қолданылды. Нәтижесінде ортаның сыну көрсеткіші тұрақты температурада 1,3344 пен 1,3706 аралығындағы 24 мәнді қабылдады. Ортаның сыну көрсеткіштерінің мәндері 1- кестеде келтірілген.

1-кесте. **Ортаның сыну көрсеткішінің мәндері**


| Құрақ қантының ерітіндідегі концентрациясы % | Сыну көрсеткіші |
|---|---|
| 0 | 1.3330 |
| 1 | 1.3344 |
| 2 | 1.3359 |
| 3 | 1.3374 |
| 4 | 1.3388 |
| 5 | 1.3403 |
| 6 | 1.3418 |
| 7 | 1.3433 |
| 8 | 1.3448 |
| 9 | 1.3464 |
| 10 | 1.3479 |
| 11 | 1.3494 |
| 12 | 1.3510 |
| 13 | 1.3526 |
| 14 | 1.3541 |
| 15 | 1.3557 |
| 16 | 1.3573 |
| 17 | 1.3590 |
| 18 | 1.3606 |
| 19 | 1.3622 |
| 20 | 1.3639 |
| 21 | 1.3655 |
| 22 | 1.3672 |
| 23 | 1.3689 |
| 24 | 1.3706 |

TFBG арқылы өтетін жарық талшықты- оптикалық байланысы бар көз арқылы жіберілді, ал TFBG өткізу спектрі оптикалық анализатор көмегімен тіркелді. Эксперименталды қондырғының жалпыланған схемасы 2-суретте келтірілген.




**2-сурет.** Эксперименталды қондырғы жұмысының схемасы: LS- жарық көзі (light source), OSA- оптикалық спектр анализаторы (optical spectrum analyzer), TFBG- көлбеу талшықты Брэгг торы (tilted fiber Bragg grating), Solution- ертітінді


Эксперименталды зерттеудің негізгі мақсаты бойынша TFBG өткізу спектрі сипаттамаларының ортаның сыну көрсеткішіне мүмкіндігінше сызықты тәуелділігі ізделінді. Осы мақсат үшін әр түрлі сипаттамаларды қолдануға болады. Мысалы, [2] жұмыста эксперименталды мәліметтерді өңдеу кезінде өткізу спектрі қуатының сыну көрсеткішіне тәуелділігі алынған. Ал біздің жұмыста басқа тәуелділіктер қарастырылды: спектр енінің, минимумының және энергиясының сыну көрсеткішіне тәуелділіктері. 3- суретте эксперименталдық қондырғы арқылы алынған көлбеу бұрышы $8^0$ тең TFBG өткізу спектрінің минимумы мен енін анықтауға мысал келтірілген.





**3-сурет.** Көлбеу бұрышы $8^0$ тең TFBG өткізу спектрінің минимумы мен енін анықтауға мысал. *x* осі бойынша λ толқын ұзындығының мәндері, *y* осі бойынша өткізу коэффициенті мәндері берілген.

Бұл суретте қызыл түсті сызықпен шекті мән көрсетілген, біздің жағдайымыз үшін ол 0,85 тең. Жасыл түсті сызықпен спектр минимумының орналасуы көрсетілген, ол спектрдің ең минимал мәніне тең.


Біздің жұмыста спектр сипаттамаларының сыну көрсеткішіне сызықты тәуелділігі ізделінеді. Сол үшін эксперимент барысында алынған мәліметтерді Matlab бағдарламасының көмегімен өңделеді. Өңдеу нәтижелері 4- 6 суреттерді көрсетілген.




**4-сурет.** Спектр минимумының сыну көрсеткішіне тәуелділігі




**5-сурет.** Спектр енінің сыну көрсеткішіне тәуелділігі




**6-сурет.** Спектр энергиясының сыну көрсеткішіне тәуелділігі

4-6-суреттерде көк түсті нүктелер – эксперимент нәтижелері, ал қызыл түсті сызықтар аппроксималаушы қисыққа сәйкес келеді және тәуелділіктердің сызықтық екенін байқасақ болады.

Спектр минимумының, енінің және энергиясының сыну көрсеткішіне сызықты тәуелділік деңгейін сандық бағалау үшін бірінші ретті аппроксималаушы полиномның қателік коэффициенттері есептелді. Егер бірінші ретті аппроксималаушы полиномы

$y = a + bx$ түрінде болса, *b* коэффициентін анықтаудың орташа квадраттық қателігі келесідей формула бойынша табылады:

$$S_b = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^{n}(y_i - bx_i - a)^2}{(n-2)\sum_{i=1}^{n}(x_i - \bar{x})^2}}$$

Абсолюттік қателікті мынадай формуламен анықтаймыз:

$$\Delta b = S_b \cdot t_\alpha$$

мұндағы $t_\alpha$ - Стьюдент коэффициенті, біздің жағдай үшін (өлшеу саны 24 болғанда) 2,064 тең. Осылайша *b* коэффициентін анықтайтын қателіктер келесідей мәндер қабылдайды:

$\xi_b = 3.7\%$ - спектр ені үшін,

$\xi_b = 2.7\%$ - спектр минимумы үшін,

$\xi_b = 7.8\%$ - спектр энергиясы үшін.

*b* коэффициентін анықтаудың салыстырмалы қателіктері аз шама болғандықтан, спектрдің ені, минимумы мен энергиясы сыну көрсеткішіне сызықты тәуелді екенін байқаймыз.

**Қорытынды.** Осыған дейін жасалған көптеген эксперименттерде талшықты көлбеу Брэгг торын оптоталшықты сенсор ретінде пайдалану мақсатында, оның өткізу спектрі қуатының қоршаған ортаның сыну көрсеткішіне сызықты тәуелділігі қарастырылып келген. Алайда, осы жұмыста көрсетілгендей, өткізу спектрінің басқа да сипаттамалары сыну көрсеткішіне сызықты тәуелділікте болатындығы анықталды. Тіпті, кейбір сипаттамалар өткізу спектрінің қуатына қарағанда сызықтық заңдылықпен дәлірек сипатталатыны белгілі болды. Спектр минимумы үшін сызықтық тәуелділік дәлірек орындалады, себебі оны анықтаудың қателігі аз шамаға тең.

ӘДЕБИЕТ

[1] L.B. Melo, J.M.M. Rodrigues, A.S.F. Farinha, C.A. Marques, L. Bilro, N. Alberto, J.P.C. Tom, R.N. Nogueira. Concentration sensor based on a tilted fiber Bragg grating for anions monitoring. Optical Fiber Technology 20 (2014) pp. 422–427.

[2] Yin-ping Miao, Bo Liu, Qi-da Zhao. Refractive index sensor based on measuring the transmission power of tilted fiber Bragg grating. Optical Fiber Technology 15 (2009) pp.233–236.

[3] Qi Jiang, Debo Hu, Meng Yang. Simultaneous measurement of liquid level and surrounding refractive index using tilted fiber Bragg grating. Sensors and Actuators A 170 (2011) pp. 62– 65.

[4] Tuan Guo, Fu Liu, Bai-OuGuan, Jacques Albert. Tilted fiber grating mechanical and biochemical sensors. Optics &Laser Technology 78 (2016) pp. 19–33.

**Сурет 6.** Қосымшаның негізгі беті

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, қазіргі таңның өзекті мәселерінің бірі мобильді қосымшаларды құру, оларды мейлінше түсінікті пайдалану. Бұл мақалада Android мобильді қосымшалары сіздің өміріңізді жеңілдететінін көрсетеді және бұл сансыз бағдарламалардың бірі ғана. Математика немесе бағдарламалау тілдері секілді сандық және жоғары құрылымдық пәндер мобильді оқытуға ыңғайлы әрі қызықты болып табылады. Әлбетте, бағдарламалау мобильді оқыту технологиялары үшін де жақсы. Бұл осы ортадағы инновацияларға арналған мүмкіндіктер (және шектеулер) әлі де ашылуын білдіреді. Мысалы, әзірлеушілер адамдарға барлық жаңа түрлерін үйрету үшін барлық жаңа түрлерді түрлендіреді. Бұл шынында да қызықты инновация. Ұялы оқыту - бұл салыстырмалы түрде жаңа құбылыс, сондықтан осы жаңа платформаның призмасы арқылы білім беруді зерттеу мен инновациялау өте қызықты.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Варакин М.В. - Разработка мобильных приложений под Android – УЦ «Специалист» 2012 г.-592с

[2] Head First. Программирование для Android. — СПб.: Питер, 2016. — 704 с.: ил. — (Серия«Head First O'Reilly»).

[3] The Mobile Learning Network (MoLeNET) [Электронный ресурс] / Режим доступа: URL: http://www.molenet.org.uk/ (дата обращения 03.04.2019 г.).

[4] The MOBI learn project [Электронный ресурс] / Режим доступа: URL: http://www.mobilearn.org (дата обращения 03.04.2019 г.).

[5] Официальный сайт Android [Электронный ресурс] // URL: http://android.com (дата обращения 03.04.2019 г.).

[6] Ed Brunette Hello Android 3e; Corvina Kiado - Москва, 2010. - 300 с.

[7] Голощапов Алексей Google Android. Программирование для мобильных устройств; БХВ-Петербург - Москва, 2012. - 448 с.

[8] Дэрси Лорен, Кондер Шейн. Android за 24 часа. Программирование приложений под операционную систему Google; Рид Групп - Москва, 2011. - 464 с.

[9] Колисниченко Денис. Программирование для Android. Самоучитель; БХВ-Петербург - Москва, 2012. - 272 с.

[10] Майер Рето Android 2. Программирование приложений для планшетных компьютеров и смартфонов; Эксмо - Москва, 2011. - 672 с.

[11] Майер Рето Android 4. Программирование приложений для планшетных компьютеров и смартфонов; Эксмо - Москва, 2013. - 816 с.

[12] Медникс Зигард, Дорнин Лайрд, Мик Блэйк, Накамура Масуми Программирование под Android; Питер - Москва, 2013. - 560 с.

[13] Немцова Т. И., Голова С. Ю., Абрамова И. В. Программирование на языке высокого уровня. Программирование на языке Object Pascal (+ CD-ROM); Форум, Инфра-М - Москва, 2015. - 496 с.

[14] Ретабоуил Сильвен Android NDK. Разработка приложений под Android на C/C++; ДМК Пресс - Москва, 2012. - 496 с.

[15] Цехнер Марио Программирование игр под Android; Питер - Москва, 2012. - 688 с.

Кемельбекова Ж.С., Сагындык М.Е., Сакыпбекова М.Ж.

**Создание учебного приложения «Языки и технологии программирования» в системе Android**

**Аннотация.** Статья посвящена самой актуальной проблеме на сегодняшний день, основы и оптимальные методы создания обучающей приложений языков программирования для системы Android. В настоящее время создание мобильных приложений для Android является одной из самых успешно развивающихся программ. Так как, операционная система Android установлена на нескольких смартфонах. В Казахстане созданием и внедрением мобильных приложений занимаются не многие компаний. По этой причине исследуя создания приложений для систему Android определили некоторые особенности в создании обучающихся приложений с использованием языков программирования и специальной программы создающие приложений.

**Ключевые слова:** система Android, образовательное программы, мобильные приложения, инструменты Google, социальные сети, языки программирования.

УДК 53

**B.A. Khaniyev, M.K. Ibraimov, M.B. Darmenkulova, Zh.D. Kembayeva, M. Alimova**
(Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. khaniyev.bakyt@gmail.com )

**DEVELOPMENT OF POROUS SILICON BASED AMMONIA AND ETHANOL VAPORS SENSOR**

**Abstract.** In this work, we studied the sensitivity of samples of porous silicon obtained by the method of electrochemical etching to ammonia and ethanol vapor. The volt-ampere characteristics and the time dependence of the current intensity of porous silicon were obtained in the room state, then under the influence of ammonia and ethanol vapors using a modular NI ELVIS II + device and the programming environment LabVIEW. The mechanism of changing the conductivity of porous silicon under the influence of vapors of various liquids was considered.

**Keywords:** porous silicon, gas sensor, nano particles, electro chemical etching.

**Б.А. Ханиев, М.К. Ибраимов, М.Б. Дарменкулова, Ж.Д. Кембаева, М. Алимова**
(әл-Фарабиа атындағы ҚазақҰлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. khaniyev.bakyt@gmail.com )

**КЕУЕКТІ КРЕМНИЙ НЕГІЗІНДЕГІ АММИАК ЖӘНЕ ЭТАНОЛ БУЛАРЫНЫҢ СЕНСОРЫН ЖАСАУ**

**Аннотация.** Берілген жұмыста электрохимиялық жемігу әдісімен алынған кеуекті кремнийдің аммиак пен этанол буларына сезгіштік қабілеті зерттелді. NI ELVIS II+ модульдік құрылғысы мен LabVIEW программалау ортасында кеуекті кремнийдің бөлме жағдайында, аммиак және этанол булары әсер еткендегі вольт-амперлік сипаттамалары мен ток күшінің уақыттық тәуелділігі алынды. Әртүрлі сұйықтық булары әсерінен кеуекті кремнийдің өткізгіштігінің өзгеру механизмі талқыланды.

**Кілттік сөздер:** кеуекті кремний, газ сенсоры, нано бөлшектер, электрохимиялық жемігу.

**КІРІСПЕ**

Кеуекті кремнийді ең алғаш рет АҚШ-да, Белл зертханасында 1956 жылы Артур мен Индеборг Улир кремний пластинасын HF еріткіш қышқылға негізделген ерітіндіде электрлік тазалау процессі барысында алды. Олар әртүрлі жемігу жағдайларына байланысты кремний пластинасының бетінде қара, қоңыр және қызыл дақтардың пайда болатындығын анықтаған [1-4]. Кейін Фуллер мен Дитценбергер аталған қабыршақтарды $HF\text{-}HNO_3$ ерітінділерінде сырттан ешқандай электрлік кернеу бермей-ақ алуға болатындығын анықтады [3]. Дегенмен, аталған ғалымдар алынған қабыршақтарды байқамай алынған ғылыми қателік деп тауып, аса көңіл бөлмеді, олар оның наноөлшемді кеуекті табиғаты туралы білмеді. III және V валентті тура зоналы шалаөткізгіштің тиімділігімен шамалас тиімділікке ие кеуекті кремнийден көрінетін фотолюминесценцияның (ФЛ) анықталуы (Л. Кэнхэм, 1990 жыл) ғылыми ортада үлкен қызығушылық тудырды, себебі оларды фотоэлектроника құрылғыларын, әсіресе, әртүрлі газдарды анықтайтын сенсорлық құрылғыларды дайындауда қолданылу мүмкіндігі айқын болды [4-6]. Кеуекті кремнийдің бағасының төмен болуы, салыстырмалы түрде оңай дайындалуы олардың практикада кеңінен таралуына себеп болды және негізгі материал кристалдық кремний болғандықтан, кремнийлік микроэлектроника мен наноэлектроника арасында байланыс орнату ықтималдығы бар [7-9].

Кеуекті кремнийдің бетінің көлемге қатынасының үлкен болуы және қышқылдануға бейім болуының әсерінен соңғы жылдары кеуекті кремний негізіндегі сезгіштігі жоғары сенсорлық құрылғыларды жасау, олардың қасиеттерін зерттеу бағыттары бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Кеуекті кремний негізінде дайындалған газ сенсорларының жұмысын сипаттау үшін қолданылатын негізгі төрт сипаттама бар: сезімталдық, селективтілік, газды сезу уақыты, кеуекті кремний бетінің тұрақтылығы.

Аммиак ($NH_3$) маңызды химиялық өнімдердің қатарына кіреді, жылына 180 млн тоннадан астам аммиак өндіріледі. Сонымен қатар, аммиак тірі ағзалар үшін маңызды болып табылады, себебі азоттың атмосферада кең таралғанындығына (75 %-дан астам) қарамастан, оны еркін, нейтрал екі атомды газ түрінде бойына сіңіре алатын тірі ағзалар аз. Дегенмен, аммиак ағзаға тигізетін физиологиялық әсері жағынан өкпенің ісінуі мен жүйке жүйесінің бұзылуына алып келетін тұншықтырғыш және нейтротропты болып табылады. Аммиак булары көз бен тыныс алу органдарының шырышты қабаттары мен теріні қатты тітіркендіреді. Қоршаған ортада аммиак дозасының артып кетуінен көз қатты жасаурап, көздің ішкі құрылымы химиялық күйікке ұшырап, нәтижесінде көз көрмей қалуы мүмкін. Қазіргі кезде өндірісте, техникада, медицинада кең қолданылатын тағы бір сұйықтық – этанол (этил спирті). Оның артық мөлшерде ағзаға түскен кездегі тигізетін әсері белгілі – психоавтивті дене, депрессант болғандықтан, ол адамның орталық жүйкеі жүйесінің жұмысын бұзады. Сонымен қатар, этанол кейбір транспорт түрлерінде отын ретінде қолданылады. Сондықтан, қоршаған ортадағы аммиак булары мен этанолдың өз деңгейлерінен артып кетуінің алдын алу үшін оларға сезімтал, жылдам анықтай алатын сенсорлық құрылғыларды жасау маңызды мәселе болып табылады.

Кеуекті кремнийді қолданып, аммиак пен этанолға сезімтал сенсорлық құрылғыларды дайындау, зерттеу бойынша бірнеше мақалалар жарық көрген. Атап айтсақ, Милованов және басқалары этанолды анықтайтын сенсорлық құрылғы дайындау үшін кеуекті кремний/көміртек құрылымын қолданған [10]. Минг Ху және басқалары кеуекті кремний/палладий/вольфрам оксиді құрылымға ие аммиакқа сезімтал сенсор жасап, сипаттамаларын зерттеген [11].


Берілген жұмыста кеуекті кремнийдің жоғарыда сипатталған этанол және аммиак буларын сезу қабілетін мен вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу мақсаты қойылды.

**Тәжірибелік мәліметтер**

Тәжірибелік жұмыстарды жүргізу үшін бағыты (100), өлшемі 1 х 1 $см^2$ болатын р-типті кремний пластинасы алынды. Жалпы, кеуекті кремнийді алудың практикада кең таралған жолы – HF еріткіш қышқыл негізіндегі ертіндіде кремний пластиналарын электрохимиялық жеміктіру әдісі болып табылады. Электрохимиялық жемігу процессі орындалатын ұяшыққа кремний пластинасын орналастырмас бұрын, кремнийдің астыңғы бетіне металл қабатын (Ni) отырғызу керек. Ол үшін жұмыс беті, яғни кеуекті қабат пайда болатын беті алдын ала жабылған кремний пластиналарын 50-60 ºС температураға дейін қыздырылған никельдік ерітіндіде 5-7 минут аралығында ұстау қажет. Астыңғы бетінде металл қабаты орнағаннан кейін, кремний пластинасын тефлоннан жасалған ұяшыққа салып, үстіне құрамында 1:1 қатынасындай HF еріткіш қышқыл мен спирт бар ерітінді – электролит құйылады. Катод ретінде платиналық пластина қолданылады, себебі платина – HF еріткіш қышқыл әсерінен ешқандай өзгеріске ұшырамайтын металдардың бірі. Анод кремнийдің никель отырған бетіне жалғанады. Аталған тәжірибелік жұмыста зерттелген кеуекті кремний келесі параметрлерде алынды: U = 10 В, I = 5 мА, t = 20 мин.

Кеуекті кремнийдің электрлік сипаттамаларын алу үшін әртүрлі электрондық құрылғылар қолданылады. Бірақ кеуекті кремний мен құрылғылардың арасында байланыс болу үшін, кеуекті кремний бетіне галлий мен индий металдарының қоспасынан контакт орнатылады.


Кеуекті кремнийдің сезімталдық қабілеті мен вольт-амперлік сипаттамалары NI ELVIS II+ модульдік құрылғысымен зерттелді (1-сурет).



(а) (б)

**1-сурет.** Тәжірибелік жұмыстар жүргізілген NI ELVIS II+ стенді (а) мен кеуекті кремний орнатылған плата (б)

LabVIEW программалау ортасында арнайы схема жиналып, кеуекті кремнийдің вольт-амперлік сипаттамалары алынды (2-сурет). Вольт-амперлік сипаттамада белгілі бір кернеу мәнінде ығысу байқалды, осы ығысу кернеу мәнінде аммиак пен этанолды жақындатқан кездегі ток амплитудасы алынды.





**2-сурет.** Тәжірибелік жұмыстар жүргізілген LabVIEW бағдарламасында жиналған схема

**Нәтижелер мен талқылау**


Сенсорлық құрылғылардың кез келген газды анықтау принципі газ молекулалары қосылғанда кеуекті кремнийдің электрлік немесе оптикалық қасиеттерінің өзгерісіне негізделген [3-11].

3-суретте кеуекті кремнийдің аммиак пен этанол сұйықтықтары жақындатқанға дейінгі және кейінгі вольт-амперлік сипаттамалар көрсетілген. Графиктен U = 2 - 3 В кернеу аралығында ығысу байқаймыз. Сонымен қатар, этанолды жақындатқаннан кейін ток мәнінің, демек өткізгіштің артқандығын көруге болады. Ал, аммиакты жақындатқанда ток мәнінің 50-60 мкА-ге азайғандығын, демек дифференциалдық кедергінің артқандығы байқалады.


4- және 5-суреттерде тұрақты кернеу мәнінде ток амплитудасының уақытқа тәуелді графигі көрсетілген. Көріп тұрғанымыздай, аммиакты жақындатқанда, ток мәні 0,71 мА-ден 2 с уақыт ішінде 0,704 мА-ге дейін, яғни 60 мкА-ге төмендеп тұр. Аммиакты алып тастасақ, салыстырмалы түрде бірден бастапқы қалпына келеді. Демек, аммиак молекулаларының әсерінен кеуекті кремнийдің өткізгіштігі төмендеп, кедергісі артқан. Дәл осылай, этанолды жақындатқанда, 2,67 А тұрақты кернеу мәніндегі ток амплитудасының 0,586 мА-ден 0,595 мА-ге дейін шамамен 1 мкА-ге артқанын көреміз.




**3-сурет.** Кеуекті кремнийдің аммиак (қызыл сызық), спирт (көк сызық) жақындатқандағы және бастапқы (қара) қалыптағы вольт-амперлік сипаттамалары




**4-сурет.** Кеуекті кремнийге аммиакты жақындатқан кездегі ток күшінің өзгерісі (U = 2,92 В):
а) жақындатқанда; б) алып тастағанда;




(а) (б)

**5-сурет.** Кеуекті кремнийге этанолды жақындатқан кездегі ток күшінің өзгерісі (U = 2,67 В):
а) жақындатқанда; б) алып тастағанда;

Кеуекті кремнийдің газды сезу механизмі газ молекулаларының кеуекті кремний бетіне адсорбциялануының нәтижесінде өткізгіштіктің (кедергі) өзгеруіне негізделген. Демек, тұрақты кернеуде кеуекті кремний бойындағы ток амплитудасының өзгерісі газ молекулалары әсер еткендігін көрсете алады. Этанол буларын кеуекті кремнийден алыстатқанда, ток амплитудасының қайтадан бастапқы қалпына келуі, яғни өткізгіштің төмендеуі этанол молекулаларының физикалық адсорбциясын көрсетеді. Кеуекті кремнийдің құрылымын үлкейтіп қарайтын болсақ, наноөлшемдік жиналған молекулалардың арасы бос кеңістік, кеуек екендігін байқаймыз. Этанол мен аммиакты кеуекті кремний бетіне жақындатсақ, газ буларының атомдары кремний бетінің реакцияға бейімдігі мен беттік ауданының үлкендігінің әсерінен кеуектерге орналасады. Осылайша, кеуекті кремний құрылымындағы электрондардың тасымалдану механизмі өзгереді. Ал, ол өз кезегінде кеуекті кремнийдің электрлік сипаттамаларының өзгеруіне алып келеді [10-11].

**Қорытынды**

Сонымен, берілген жұмыста кеуекті кремнийді аммиак пен этанол буларын анықтайтын сенсорлық құрылғыны дайындауда қолдану мүмкіндігі зерттелді. Кеуекті кремнийдің ауадағы, аммиак пен этанол булары әсер еткендегі вольт-амперлік сипаттамалары, ток күшінің уақыттық өзгерісі алынды. Газ молекуаларының әсерінен кеуекті кремнийдің өткізгіштігінің өзгеру механизмі қарастырылды. Этанолды жақындатқанда, үлгінің өткізгіштігінің артып, аммиакты жақындатқанда, өткізгіштіктің кемитіндігі анықталды. Алынған вольт-амперлік сипаттамадан кеуекті кремнийдің кернеу берілгендегі аса сезгіш аймағы анықталды. Анықталған аймақта терең зерттеулер жүргізілді, яғни берілген кернеу аймағында ток күшінің уақыт бойынша өзгерісі және сыртқы ортаға әсері зерттеліп, газ сенсорының аталған сұйықтықтар буына сезгіштігі бойынша тиімді параметрлері анықталды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Кашкаров П.К. Необычные свойства пористого кремния // Соросовский образовательный журнал, Том 7, №1, 2001.

[2] Зимин П.С. Пористый кремний – материал с новыми свойствами // Соросовский образовательный журнал, Том 8, №1, 2004.

[3] Kayahan E. Porous silicon based on CO2 sensors with high sensitivity // Optics 164 (2018) 271-276-p.

[4] Zouadi N., Messaci S., Sam S., Bradai D., Gabouz N., CO2 detection with CNx thin films deposited on porous silicon // Materials Sci. Semicond. Process. 29 (2015) 367–371.

[5] Ozdemir S., Gole J.L. The potential of porous silicon gas sensors // Current Opinion in Solid State and Material Science 11 (2007) 92-100.

[6] Holec T., Chvojka T., Jelinek I. Determination of sensoric parameters of porous silicon in sensing of organic vapors // Material Science and Engineering C 19 (2002) 251-254.

[7] Zouadi N., Belhousse S., Cheraga H., N. Gabouze. Influence of temperature on electrical characteristics of CHx/porous silicon/Si sensing device. //Surface and Interface Analysis, 2006, p. 805-807.

[8] Gabouze N., Belhousse S., Cheraga H., Ghellai N. CO2 and H2 detection with a CHx/porous silicon-based sensor // Vacuum, V.80, 2006, p. 986-989.

[9] Seekaew Y., Wongchoosuk C. A novel graphene-based electromunescent gas sensor for carbon dioxide detection // Apllied Surface Science, 2019, V.479, 525-531.

[10] Milovanov Y.S., Skryshevsky V.A., Gavrilchenko I.V. Ethanol gas sensing performance of electrochemically anodized freestanding porous SiC // Diamond and related materials. 2019, p. 84-89.

[11] Ming Hu, Xiaoyong Qiang. Preparation of porous silicon/Pd-loaded WO3 nanowires for enhancmenet of ammonia sensing properties at room temperature // Material Science in Semiconductor Processing, 2018, p.113-118.

[12] Hamid G.S. Efficient room temperature hydrogen gas sensing based on graphene ozide and decorated porous silicon // International Journal of Hydrogen Energy, 2017, p.15966-15972.

[13] Uday M.N., Intisar M.K. Study of porous silicon humidity sensor vapors by photoluminescence quenching for organic solvents // Optik, 2017, p.169-173.

[14] Ibraimov M. K., Sagidolda Y., Zhanabaev Z. Zh., Rumyantsev S. L. and Shur M. S. Selective Gas Sensor Using porous silicon and silicon nanowires // 2015 Advanced Research Workshop «Future Trends in Microelectronics». – Mallorca, Spain. – 2015. – P.56.

[15] Gole J. L, Lewis S., Seungwoo L. Nanostructures and porous silicon: activity atinterfaces in sensors and photocatalytic reactors // Phys. Stat. Sol. A. – 2007. – Vol. 204. – P.1417 – 1422.

Ибраимов М.К., Ханиев Б.А., Дарменкулова М.Б., Кембаева Ж.Д., Алимова М.

**Разработка сенсора паров аммиака и этанола на основе пористого кремния**

**Резюме.** В данной работе была исследована чувствительность образцов пористого кремния, полученных методом электрохимического травления, к парам аммиака и этанола. Были получены вольт-амперные характеристики и временная зависимость силы тока пористого кремния при комнатном состоянии, затем при воздействии паров аммиака и этанола с помощью модульного устройства NI ELVIS II+ и среды программирования LabVIEW. Был рассмотрен механизм изменения проводимости пористого кремния при воздействии паров различных жидкостей.

**Ключевые слова:** пористый кремний, газовый сенсор, наночастицы, электрохимическое травление.

ӘӨЖ 530.1

**Z.Zh. Zhanabayev, T.Yu. Grevtseva, S.B. Ikramova, S.M. Manakov**
(al-Farabi KazNU, NNLOT, Almaty, Kazakhstan, E-mail: mptl449a@gmail.com, saltanat.ikramova@gmail.com)

## DYNAMICAL CHAOS IN SURFACE STRUCTURE OF NANOSTRUCTURED SILICON

**Abstract.** Structure of the nanocluster silicon film obtained by chemical etching has been investigated. The surface structure of the film is theoretically described in terms of fractal representations of distribution of clusters in the film. Model of the surface of porous silicon has been constructed on the base of the equation for fractal evolution of measure. Also phase portraits of charge carrier distribution have been plotted for in the film and its model. Experimental and theoretical results qualitatively correspond to each other.

**Keywords:** porous silicon, nanostructure, fractal, fractal dimension, phase portrait.

**З.Ж. Жаңабаев, Т.Ю. Гревцева, С.Б. Икрамова, С.М. Манаков**
(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, АТҰНЗ, Алматы, Қазақстан Республикасы
E-mail: mptl449a@gmail.com, saltanat.ikramova@gmail.com)

## НАНОҚҰРЫЛЫМДЫ КРЕМНИЙДІҢ БЕТКІ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ДИНАМИКАЛЫҚ ХАОС

**Аңдатпа.** Химиялық жеміру әдісі арқылы алынған нанокластерлі кремнийлік қабықша құрылымы зерттелінді. Теориялық тұрғыда қабықшалардың беттік құрылымы, оларда кластерлік құрылымдардың фракталдық көрініске ие болу қасиеті сипатталды. Өлшемдердің фракталдық эволюциясы теңдеуі негізінде қабықшаның беттік моделі алынды, қабықшада заряд тасымалдаушылар таралуының фазалық портреті және олардың модельдері тұрғызылды. Тәжірибелік және теориялық нәтижелер сапалы түрде бір-біріне сәйкес келеді.

**Кілттік сөздер:** кеуекті кремний, нанокұрылым, фрактал, фракталдық өлшемділік, фазалық портрет.

### Кіріспе

Соңғы жылдарда нанокұрылымды шалаөткізгіш қабықшаны зерттеу ғылымның әр түрлі облысында, соның ішінде наноэлектроника, сенсорика, оптоэлектроника, биология, медицина және т.б. салалардағы зерттеулер үшін қызығушылық тудыруда. Басты қызығушылық нанокластерлік материалдардың қолдану мүмкіндіктерінің орасан әртүрлілігі болып табылады [1-6].

Наноқұрылымды шалаөткізгіштердің физикалық қасиеттері, электрлік және оптикалық заңдылықтар нанокластерлердің, кеуектердің формаларына тәуелді. Кеуекті шалаөткізгіш қабықшаның айрықша электрлік қасиеті болып теріс дифференциалдық кедергінің болуы, вольт-амперлік сипаттаманың гистерезисі, ток пен кернеу тәуелділігі қисығының тербелмелі сипаты жатады.

Осылайша, наноқұрылымды шалаөткізгіш қабықшаның беттік құрылымын зерттеу нақты ғылыми қызығушылық тудырады. Тепе-теңсіздік (бір қалыпты еместік), бейсызықтық және тұйықсыздық шарттары негізінде қалыптасқан наноқабықшалардың масштабты-инварианттық, иерархиялық-өзұқсастық, яғни фракталдық және мультифракталдық қасиеттері болады. Мұндай қабықша құрылымы дәреженің бөлшек көрсеткіші бар теңдеу көмегімен сипатталуы мүмкін [7-9]. Нанокластерлі қабықшаның фракталдық құрылымға ие болуы көптеген тәжірибемен расталған [10-12]. Сондықтан зерттелініп отырған қабықша бетінде нанокластер мен кеуектің өзара таралуы ондағы электрлік және оптикалық қасиеттерді сипаттау мәселелерін шешуде көмектесуі мүмкін.

Жұмыстың мақсаты өлшемдердің фракталдық эволюциясы теңдеуі негізінде кеуекті кремнийдің нанокластерлі қабықшаларының құрылымдарын сипаттау, алынған теориялық нәтижелерді сәйкес тәжірибелік мәліметтермен салыстыру болып табылады.

**Зерттеудің теориялық негіздері**

Өткізгіштік электрон концентрациясы өлшемдердің фракталдық эволюциясы теңдеуі арқылы сипатталды [12]:

$$n_{i+1}=\left(\frac{1}{C}+\mu_i\right)\left|\frac{n_i}{n_0}\right|^{-\frac{1}{\gamma}};\ \mu_{i+1}=-\frac{1}{\gamma}\left(\frac{1}{C}+\mu_i\right)\left|\frac{n_i}{n_0}\right|^{-\frac{1}{\gamma}-1}. \quad (1)$$

мұнда $n-$ шалаөткізгіш қабықшадағы еркін электрондардың айнымалы концентрациясы, $C-$ сигнал (күрделілігі) базасына теңдес параметр, $\gamma-$ фракталдық және топологиялық өлшем айырмасы, $\mu-$ таңбалық функция, $i=1,2,3...-$ кеңістіктік қадам. (1)-теңдеу және бірөлшемді мәліметтер тізбектілігі бойынша динамикалық хаосты қайта құру ( өткізгіштік электрон концентрациясының кеңістіктік қадамнан тәуелділігі сипатында қарастырылатын) әдісі негізінде әр түрлі кванттық нүктелер, кванттық наножіптер, кванттық шұңқырлар сияқты кванттық-өлшемдік құрылымдарды құрайтын шалаөткізгіш қабықшаның беттік құрылымын сипаттауға болады. Ортаның наноқұрылымдылығы өзұқсас және өзаффиндік объект үшін теориялық тұрғыда анықталған фракталдық өлшемділік арқылы сипатталады.


(1)-бейнелеудің сандық талдауы ретінде $n(i)$ қатары (реализациясы) құрылған. $\mu_i$ мультипликатордың бөлшек бөлігі ғана қолданылды. Сол үшін «rem» функциясы қолданылды. Амплитуда бойынша қатар $10^4$ нүктеден тұратын мәліметтердің үлкен массивінен таңдалынып алынған максималды мәндері арқылы нормаланды. Реализацияны тегістеу үшін сплайн-интерполяция қолданылды. Нәтижесінде бастапқы қатардан нүкте саны 30 % артты. (1)-бейнелеуге кездейсоқ құраушы енгізілмеді.

$n_0$ концентрацияның мәні 1-ге тең деп алынды. Бұл электрон мен кемтік концентрациясы өзара тең, меншікті шалаөткізгішке сәйкес келеді. $n_0>1$ жағдайында қабықшадағы өткізгіштік электрон саны ондағы кемтік санынан көп, яғни шалаөткізгіш $n-$ типті шалаөткізгіш болады. $n_0<1$ кезінде шалаөткізгіш кемтіктік өткізгіштік арқылы сипатталады, яғни шалаөткізгіш $p-$ типті шалаөткізгіш болады.

Сплайн-интерполяция қолданылғаннан кейінгі қатар бойынша фазалық портреттер құрылды. Фазалық портреттер қабықшада өткізгіштік электрондардың күйін сипаттайды. 1(a) және 1(b) суреттерде $\gamma=1.194$ және $\gamma=3.806$ мәндері үшін қатарлар, ал 1(c) және 1(d) суреттерде оларға сәйкес фазалық портреттер көрсетілген. $\gamma$ параметрі артқан сайын қатарда тербеліс жиілігі және кластерлер санының артуы байқалды. Фазалық портреттер құрылымы күрделі. Оны 1(e) және 1(f) суреттерден көруге болады. 1(c) және 1(d)-суреттерде фазалық портреттегі нүктелер жиыны үлкейтілген түрде көрсетілген. Нүктелер жиыны $\gamma$ параметрі артқан сайын артып отырды. Фазалық портреттер жүйеде динамикалық хаостың бар екендігін дәлелдеуші аттракторлар байқалды. Жүйеде тұйық сызықтардың бар болуы қабықшадағы заряд тасымалдаушылардың таралуының периодтық сипатын дәлелдейді.

**Сандық талдау нәтижелерін тәжірибелік мәліметтермен салыстыру**

(1)-теңдеу көмегімен алынған сандық талдау нәтижелері тәжірибелік мәліметтермен салыстырылды. Химиялық жеміру әдісі арқылы n-типті кристалдық кеуекті кремнийдің нанокластерлі қабықша бетінің құрылымы тәжірибелік зерттеу нәтижесінде алынды. 2(a)-суретте атомдық-күштік микроскопиясымен (АКМ) алынған қабықшалардың микрофотографиясы көрсетілген. 2(b)-суретте Такенс әдісі мен өлшемдердің фракталдық эволюциясы теңдеуі негізінде алынған қабықшаның моделі көрсетілген. Такенс әдісі үшөлшемді суретті бірөлшемді тізбектіліктен құруға негізделген. Мәліметтердің бірөлшемді тізбектілігі ретінде (1)-формула көмегімен алынған реализация қолданылды. 1(a) және 1(b) суреттерді салыстырудан көріп тұрғандай, қолданған әдіс қабықша бетіндегі нанокұрылым формасын және олардың өзара орналасуын дұрыс сипаттауға мүмкіндік береді.





**1-сурет.** Шалаөткізгіш қабықшада өткізгіштік электронның таралуын сипаттайтын реализациялар ((a), (b)) және фазалық портреттер (c),(f)

$C = 1.1;\ n_1 = 0.25;\ \mu_1 = -1;\ n_0 = 1$

(a), (c) – $\gamma = 1.194$; (b), (d) – $\gamma = 3.806$.


(a) (b)




**2-сурет.** Нанокластерлі кеуекті қабықшаның АКМ-бейнесі (a) және оның моделі (b)
$\gamma = 1.5,\ C = 1.15,\ n_0 = 1.00,\ n_1 = 0.25.$

3(a) және 3(b) суреттерде қабықша құрылымын және оның сәйкес моделін сипаттайтын фазалық портреттер көрсетілген. Бұл суреттерден көрініп тұрғандай, фазалық портреттер күрделі фазалық траекториялардан құралған. Соның негізінде жүйеде динамикалық хаостың бар екендігі жөнінде қорытынды жасауға болады. Траекториялардың тұйықталуы нанокұрылым орналасуында қандай да бір периодтылықтың бар екендігін дәлелдейді.

(a) (b)




**3-сурет.** Нанокластерлі кремний қабықшасының (a) және оның моделінің (b) фазалық портреттері
$\gamma = 1.5,\ C = 1.15,\ n_0 = 1.00,\ n_1 = 0.25.$

Кремний қабықшасының теориялық және тәжірибелік фазалық портреттері және оның морфологиялары сапалы түрде бір-біріне сәйкес келеді. Бұл сәйкестік нанокластерлі шалаөткізгіш құрылымдарының бетін сипаттау үшін қолданылған әдістің дұрыс екендігін дәлелдейді.

**Қорытынды**

Нанокластерлі кеуекті кремнийдің құрылымы таралуының фракталдық негізде сипатталуы мүмкін. Мұндай қабықша құрылымдары өлшемдердің фракталдық эволюциясы теңдеуімен теориялық сипатталатыны көрсетілген. Қабықша бетінің морфологиясын модельдеу және оның фазалық портреттері сапалы түрде тәжірибелік мәліметтермен сәйкес келеді. Фазалық портретте күрделі фазалық траекториялардың болуы қарастырып отырған жүйеде динамикалық хаостың бар екендігін дәлелдейді. Ал сол траекториялардың тұйықтылығы қабықша бетінде нанокұрылым орналасуының қандай да бір периодтылығын көрсетеді.

Жұмыста алынған нәтижелер тәжірибелік зерттеулерді жеңілдетуге, сонымен қоса наноэлектронды құрылғылардың жұмысын оңтайландыруға ұсыныстар жасау үшін қолданылуы мүмкін.

Жұмыс ҚР БжҒМ AP05132854 гранты негізінде орындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] L. Wei, B. Sun, W. Zhao, H. Li, P. Chen. Light regulated I–V hysteresis loop of Ag/$BiFeO_3$/FTO thin film // Applied Surface Science. – 2017. – Vol. 393. – P. 325-329.

[2] B. Wang, J. Qiu, H. Feng, E. Sakai, T. Komiyama. KOH-activated nitrogen doped porous carbon nanowires with superior performance in supercapacitors // Electrochimica Acta. – 2016. – Vol. 190. – P. 229–239.

[3] Zh. J. Chew, L. Li. A discrete memristor made of ZnO nanowires synthesized on printed circuit board // Materials Letters. – 2013. – P. 298-300.

[4] Sh. Wena, X. Xie, Zh. Yan, T. Huang, Zh. Zeng. General memristor with applications in multilayer neural networks // Neural Networks. – 2018. – Vol. 103. – P. 142-149.

[5] T. Yousefi, R. Davarkhah, A.N. Golikand, M.H. Mashhadizadeh. Synthesis, characterization, and supercapacitor studies of manganese (IV) oxide nanowires // Materials Science in Semiconductor Processing. – 2013. – Vol.16. – P. 868-876.

[6] M. Kateb, S. Safarian, M. Kolahdouz, M. Fathipour, V. Ahamdi. ZnO–PEDOT core–shell nanowires: An ultrafast, high contrast and transparent electrochromic display // Solar Energy Materials & Solar Cells. – 2016. – Vol. 145. – P. 200-205.

[7] Zhanabaev Z.Zh., Grevtseva T.Yu., Danegulova T.B., Assanov G.S. Optical Processes in Nanostructured Semiconductors // Journal of Computational and Theoretical Nanoscience. –2013. - Vol. 10, No 3. – P.673-678.

[8] Zhanabaev Z.Zh., Grevtseva T.Yu. Physical Fractal Phenomena in Nanostructured Semiconductors // Reviews in Theoretical Science. – 2014. – Vol. 2, No 3. – P. 211-259.

[9] Zhanabaev Z.Zh., Grevtseva T.Yu., Ibraimov M.K. Morphology and Electrical Properties of Silicon Films with Vertical Nanowires // Journal of Computational and Theoretical Nanoscience. – 2016. – Vol. 13. – P. 615-618.

[10] S. Prabhu, B. K. Vinayagam. Fractal dimensional surface analysis of AISI D2 tool steel material with nanofluids in grinding process using atomic force microscopy // Journal of the Brazilian Society of Mechanical Sciences and Engineering. – 2011. – Vol. 33, No 4. – P. 459-466.

[11] R.D. Peng, Y.C. Yang, Y. Ju, L.T. Mao, Y.M. Yang. Computation of fractal dimension of rock pores based on gray CT images // Chinese Sci Bull. – 2011. – Vol. 56, No 31. – P. 3346-3357.

[12] L.M. Anovitz, D.R. Cole. Characterization and analysis of porosity and pore structures // Reviews in Mineralogy & Geochemistry. – 2015. - No 80. – P. 61-164.

Жанабаев З.Ж., Гревцева Т.Ю., Икрамова С.Б., Манаков С.М.

**Динамический хаос в поверхностной структуре наноструктурированного кремния**

**Аннотация.** Исследована структура нанокластерной кремниевой пленки, полученной методом химического травления. Поверхностная структура пленки теоретически описана с точки зрения фрактальных представлений о распределении в ней кластеров. На основе уравнения фрактальной эволюции меры получена модель поверхности исследуемой пленки, построены фазовые портреты распределения носителей заряда в пленки и ее модели. Экспериментальные и теоретические результаты качественно соответствуют друг другу.

**Ключевые слова:** пористый кремний, наноструктура, фрактал, фрактальная размерность, фазовый портрет.

УДК 662.997

**S.B. Zhaksylykova, D.R. Umyshev, S.A. Minazhova**
(Institute of architecture, construction and power engineering named after T.K. Bassenov, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhaksylyk_@mail.ru)

## ANALYSIS OF THE USE OF THE SOLAR COLLECTOR FOR HEAT SUPPLY OF PRIVATE HOUSING

**Abstract.** Numerous laws adopted in our country show that we look to improve and promote the production of electricity and heat through the use of renewable energy sources. In terms of electricity, the Concept for the transition to a ‘green economy’ expects to produce 50% of all energy at the expense of renewable energy source by 2050. However, in terms of heat production, the central supply remains relevant due to low prices and availability. This rule is applied only to large cities, in rural and urban-type settlements stove heating is the main one. Therefore, the use of renewable energy in places without central heating is of considerable interest.

**Key words**: solar collector, efficiency, solar radiation, coolant.

**С.Б. Жаксылыкова, Д.Р. Умышев, С.А. Минажова**
(Сатпаев Университет, Алматы, Республика Казахстан. E-mail: zhaksylyk_@mail.ru)

# АНАЛИЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОЛНЕЧНОГО КОЛЛЕКТОРА ДЛЯ ТЕПЛОСНАБЖЕНИЯ ЧАСТНОГО ЖИЛОГО ДОМА

**Аннотация**. В данной статье приведены результаты анализа работы солнечного коллектора, используемого для теплоснабжения жилого дома. Были проведены расчеты необходимого количества тепла на отопление и горячее водоснабжение всего дома. Также был проведен экономический расчет расхода угля и электричества для получения желаемого объема тепла для отопления и горячего водоснабжения. В результате был проведен сравнительный экономический анализ теплоснабжения с традиционным видом топлива и с использованием солнечного коллектора.

**Ключевые слова**: солнечный коллектор, КПД, солнечная радиация, теплоноситель.

**Введение**. Многочисленные законы [1-3] принятые в нашей стране показывает, что мы стремимся к совершенствованию и повышению культуры производства электроэнергии и тепла за счет использования возобновляемых источников энергии. В части электроэнергии законодательство предполагает к 2050 производить 50% всей энергии за счет ВИЭ. Однако в части производства тепловой энергии, централизованное снабжение остается актуально, за счет низкой цены и доступности. Это правило распространяется лишь на крупные города, в сельской и поселках городского типа печное отопление является основным. Поэтому использование ВИЭ именно в местах без центрального отопления имеет значительный интерес.

Исходя из вышесказанного, авторами был проведен анализ по установки солнечных коллекторов для снижения потребления угля сжигаемого в печи.

**Описание объекта**. В качестве исследуемого объекта был выбран дом с жилой площадью 200 м$^2$, где для горячего водоснабжения используется бойлер. Высота потолков – 3 м. Стены шириной 2 кирпича.

**Методология.** Для проведения качественного анализа использования солнечных коллекторов, необходимо, прежде всего, определить расходы тепла на отопление и горячее водоснабжение. Далее сравнить экономические показатели использования традиционнных источников и солнечного коллектора.

**Расчет расхода тепла на отопление.** Расчет велся согласно [4]. При расчете принимались следующие допущения:

1. Не учитывалось тепло выделяемое людьми, электро и газовым оборудованием;
2. Коэффициент остекления принимался равным φ=0,2;
3. Коэффициент теплопередачи всех стен принимался равным k=0.09 ккал/м$^2$*ч*$^0$С;
4. Коэффициент снижения разности температур ψ=0,7;
5. Температура внутреннего воздуха tв=23 $^0$С;
6. Температура наружного воздуха tн=-30$^0$С;
7. Отопительная характеристика здания $x_0$=0,35 ккал/м$^3$*ч*$^0$С;
8. Расход воды на 1 человека в сутки g=110 кг/сут;
9. Температура воды для горячего водоснабжения tг=65 $^0$С;
10. Температура холодной воды tx=5 $^0$С;
11. Отопительный период октябрь – апрель n=4320 часов/год.

Расчетный расход тепла на отопление:

$$Q_{\text{отоп}} = x_0 V(t_{\text{в}} - t_{\text{н}}) \quad (1)$$

$$V = 200 * 3 = 600 \text{ м}^3 \quad (2)$$

$$Q_{\text{отоп}} = 11130 \text{ ккал/ч} = 12{,}9 \text{ кВт} \quad (3)$$

**Расчет расхода тепла на горячее водоснабжение.**

Расчетный расход тепла на отопление:

$$Q_{\text{ГВС}} = \text{М} * g(t_{\text{г}} - t_{\text{х}}) = 1{,}59 \text{ кВт} \quad (4)$$

**Суммарное потребление тепла:**

$$Q = Q_{\text{отоп}} = 12{,}9 \text{ кВт} \quad (5)$$

Для того, чтобы выйти на денежную составляющую, необходимо высчитать средний расход топлива в отопительный период. Для этого необходимо задатся теплотой сгорания топлива и КПД печи. Принимаем бурый уголь, теплота сгорания которого имеет диапазон 10,5-15,9. Среднее значение 13,2 МДж/кг, примем КПД печи с учетом системы отопления 40%:

$$\text{В}_{\text{топ}} = \frac{Q}{Q_{\text{н}}^{\text{р}}\eta} = 2{,}44 \text{ кг/с} \quad (6)$$

Определяем расход топлива за месяц и за год:

$$\text{В}_{\text{топ}} = 1759 \text{ кг/мес.} = 10554 \text{ кг/год;} \quad (7)$$

$$\text{Ц}_{\text{у}} = 2{,}44 * 13000 = 31720 \text{ тг/мес.} = 190320 \text{ тг/год} \quad (8)$$

Расчет ГВС для остального года, принимая, что температура холодной воды не изменится:

$$Q_{\text{ГВС}} = \text{М} * g(t_{\text{г}} - t_{\text{х}}) = 1{,}6 \text{ кВт} \quad (9)$$

$$Q_{\text{ГВС}}^{\text{год}} = 9600 \text{ кВт} * \text{час/год} \quad (10)$$

*У*читывая, что подогрев воды происходит за счет электрического бойлера, переведем кВт*часы в тенге, при средней стоимости 1 кВт*ч 20 тенге:

$$\text{Ц}_{\text{э}} = 86400 \text{ тенге/год} \quad (11)$$

Общий годовой расход в год от традиционных источников составляет 279720 тенге.

**Расчет солнечного коллектора.** При расчете принималось, что средняя солнечная энергия равна 250 Вт на квадратный метр. Принималось, что вся солнечная энергия идет на нагрев воды, т.е. КПД панели 100%.

**Результаты.** На рисунке 1 представлена зависимость нагреваемой воды от площади солнечного коллектора. Очевидно, что увеличение площади увеличивает прием солнечной энергии, соответсвенно увеличивается нагреваемый «объем» воды. Солнечный коллектор полностью покрывает суточный расход воды на человека при площади 5 м$^2$.





**Рис.1.** Количество нагреваемой воды в зависимости от площади солнечного коллектора

На рисунке 2 представлена зависимость расхода на ГВС и экономия от площади солнечного коллектора. Как видно из рисунка, установка 1м$^2$ солнечной панели снижает расходы на 60%, а дальнейшее увеличение площади солнечного коллектора снижает расходы на ГВС в среднем на 24% или 8950 тенге.





**Рис. 2.** Расход на ГВС при использовании солнечных панелей

Однако, учитывая стоимость 1м$^2$ солнечной панели, равной 500000 тг, срок окупаемости таких панелей досточно высок. К примеру 1 м$^2$ солнечного коллектора окупается приблизительно за 10 лет (см. Рисунок 3).





**Рис.3.** Простой срок окупаемости солнечного коллектора

**Обсуждение.** Возобновляемые источники энергии представляют собой новый подход к получению энергии. Они бесплатны, и имеют большой потенциал [5]. Установка 5 м$^2$ солнечных панелей полностью покрывают необходимость в бойлере. Самой слабой стороной ВИЭ является их досточно высокая цена. Установка солнечных коллекторов оправдана при большой стоимости кВт*час электроэнергии. К примеру в Германии, кВт*час стоит 120 тенге, при такой цене, срок окупаемости 5 м$^2$ солнечного коллектора был бы в районе 6 лет, что уже экономически целесообразно.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Закон Республики Казахстан от 4 июля 2009 года № 165-IV «О поддержке использования возобновляемых источников энергии»

[2] Концепция по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике»,утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 30 мая 2013 года № 577

[3] Стратегия Развития Казахстана до 2050 года

[4] Сафонов А.П. Сборник задач по теплофикации и тепловым сетям. – М.: Энергия, 1968. – 240с.

[5] Сибикин Ю.Д. Нетрадиционные и возобновляемые источники энергии. – 2-ое изд. – М.: Кнорус, 2017. – 240с.

Жақсылықова С.Б., Умышев Д.Р., Минажова С.А.

**Жеке тұрғын үйді жылумен қамтамасыз ету үшін күн коллекторының пайдаланылуын талдау**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада тұрғын үйді жылыту үшін қолданылатын күн коллекторының талдау нәтижелері келтірілген. Жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін барлық үйге қажетті жылуды есептеу жүргізілді. Сондай-ақ, жылу мен ыстық су үшін қажетті жылу мөлшерін алу үшін көмір мен электр энергиясын тұтынудың экономикалық есептемесі жүргізілді. Нәтижесінде отынның дәстүрлі түрі мен күн коллекторын қолданумен салыстырмалы экономикалық талдау жасалды.

**Түйінді сөздер:** күн коллекторы, тиімділік, күн радиациясы, салқындатқыш.

УДК 637.12.04/.07

**A. I. Matibayeva, R. B. Mukhtarkhanova, B.Sh. Jetpisbayeva,**
**H.M. Mukhit, S. Srapyl**
(Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: matibaeva@bk.ru)

**THE STUDY OF THE COMPOSITION AND PROPERTIES OF RESTORED WHOLE MILK AS A RAW MATERIAL FOR THE PRODUCTION OF SOFT CHEESES**

**Abstract.** The article investigates the possibility of using whole milk powder in the production of soft cheeses, investigated the process of clot formation and maturation of soft cheeses. the effect of the concentration of solids in the reduced whole milk on the strength of thermal acid clots, transition of dry substances into the finished product and organoleptic properties of cheese. The optimal concentration of solids in the reduced whole milk (17+0.5) %. The increase in the concentration of dry substances in the VCM to the level of 17% leads to the formation of a dense thermo-acid gel, which allows increasing the yield of the finished product while maintaining its organoleptic characteristics.

**Key word.** milk protein, casein, whole milk restored, clot, clot syneresis.

**А.И. Матибаева, Р.Б. Мухтарханова, Б.Ш. Джетписбаева,**
**Х.М Мухит, С.Ш. Срапыл**
(Алматинский технологический университет, Алматы, Республика Казахстан
E-mail: matibaeva@bk.ru)

**ИССЛЕДОВАНИЕ СОСТАВА И СВОЙСТВ ВОССТАНОВЛЕННОГО ЦЕЛЬНОГО МОЛОКА КАК СЫРЬЯ ДЛЯ ПРОИЗВОДСТВА МЯГКИХ СЫРОВ**

**Аннотация.** Работа посвящена изучению процесса свертывания и созревания мягкого сыра из восстановленного цельного молока. возможности использования сухого цельного молока при производстве мягких сыров. В статье исследован процесс свертывания, влияние температуры кислотно-сычужного свертывания смеси на процесс формирования сгустка. При выполнении работы использованы общепринятые,

стандартные методы исследований физико-химических, микробиологических и биохимических показателей сырья и готовой продукции.

**Ключевые слова.** белок молока, казеин, востановленное цельное молоко, сгусток, синерезис сгустка**.**

**Введение.** Одним из резервов увеличения производства сыра в стране является организация массовой выработки мягких сыров. Сыры этой группы менее требовательны к качеству перерабатываемого сырья, более эффективны в производстве, имеют повышенную пищевую и биологическую ценность, многие из них *реализуются* без созревания. Производство этих сыров можно организовать на большинстве действующих молочных заводах без дополнительных вложений.

К положительной стороне сыров этой группы следует отнести более рациональное использование белков молока. В процессе их получения в продукт совместно с казеином переходит значительная часть сывороточных белков.

Помимо расширения ассортимента мягких сыров, большое внимание уделяется повышению их пищевой ценности, в первую очередь получению сыра с максимальной концентрацией всех составных частей молока. Пищевая ценность таких сыров обусловлена высоким содержанием в них молочных белков, наличием незаменимых аминокислот, витаминов, кальциевых, фосфорно-кислых и других минеральных солей [1].

Следует отметить, что одной из основных причин, сдерживающих в стране развитие производства сыра, является уменьшение объемов производства молока в целом, и его незначительные объемы поступления в зимний период.

Возможным путем нивелирования данного недостатка, может быть производство сыра из восстановленного или рекомбинированного молока.

Другим научно обоснованным направлением стабильного круглогодичного производства сыров является использование в их технологии растительных белков, жиров и развитие производства мягких сыров, являющихся более экономичными и отличающиеся разнообразиями органолептических показателей при значительной пищевой и биологической ценности.

Все это указывает на актуальность использования восстановленного молока при производстве мягких сыров.

Целью работы является исследование процесса свертывания и созревания мягкого сыра из восстановленного цельного молока.

В связи с этим, в лабораторных условиях Алматинского технологического университета проведены исследования процесса свертывания и созревания мягкого сыра из восстановленного цельного молока.

В качестве основного молочного сырья для производства мягкого сыра было выбрано восстановленное цельное молоко.

Увеличение выхода и снижение потерь является важной составной частью технологии любого продукта. При производстве сыра из молока с пониженной концентрацией сухих веществ часто возникают проблемы с образованием сгустка. Поэтому подбору оптимальной массовой доли сухих веществ в восстановленном цельном молоке уделялось в данной работе отдельное внимание.

В ходе работы сухое молоко восстанавливали с содержанием сухих веществ от 13 до 19% (таблица 1)

Таблица 1 - **Физико-химические показатели восстановленного цельного молока**

| № | Исследуемые показатели | Исследуемый вариант восстановленного цельного молока | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | №1 | №2 | №3 | №4 |
| 1 | СВ, % | 13 | 15 | 17 | 19 |
| 2 | Жир, % | 3,4 | 3,9 | 4,4 | 5,0 |
| 3 | Белок, % | 3,5 | 4,0 | 4,5 | 5,1 |
| 4 | Лактоза,% | 5,3 | 6,1 | 7,0 | 7,8 |
| 5 | Плотность, г/см3 | 1030 | 1035 | 1039 | 1043 |
| 6 | Кислотность Титруемая, °Т | 16,2 | 16,8 | 17,2 | 17,6 |
| 7 | Активная, ед. pH | 6,67 | 6,58 | 6,46 | 6,35 |

Из таблицы 1 видно, что увеличение концентрации сухих веществ в восстановленном цельном молоке приводит к равномерному росту всех показателей. Количество белка в восстановленном цельном молоке превышает количество жира на 0,1%. Соотношение жир/белок в данном случае составляет 0,98 и не изменяется при увеличении концентрации сухих веществ молока. Это позволяет получать из данного молока продукт с содержанием жира в сухом веществе около40%.

В таблице 2 представлена органолептическая оценка четырёх вариантов восстановленного молока с концентрацией сухих веществ 13, 15, 17 и 19% (1, 2, 3 и 4 соответственно) массой по 1 кг, подвергнутых свертыванию при температуре (94±1)°С, в которых качестве коагулянта использовали водный раствор молочной кислоты концентрацией 15%.

Таблица 2 – **Органолептическая оценка четырёх вариантов восстановленного молока**

| Содержание сухих веществ, % | Характеристика сгустка |
|---|---|
| 13 | Сгусток мягкий на ощупь, без привкусов сухого молока |
| 15 | Сгусток мягкий на ощупь, с глазками, разорван, без привкусов сухого молока |
| 17 | Сгусток с гладкой поверхностью, упругий на ощупь, без глазков на продольном разрезе. |
| 19 | Сгусток с многочисленными глазками, мягкий на ощупь, с привкусом сухого молока |

Из таблицы 2 видно, что при увеличении концентрации сухих веществ в восстановленном цельном молоке происходит повышение прочности получаемых сгустков. Наиболее оптимальным количеством сухих веществ в восстановленном молоке по органолептической оценке является 17%. Так как сыр, выработанный из него, обладает такими свойствами как отсутствие посторонних привкусов и запахов, а образование плотного сгустка способствуют уменьшению потерь при формовании.

Результаты исследований по установлению влияния сухих веществ восстановленного молока на синерезис сгустка показали, что при повышении содержании сухих веществ в молоке объем сыворотки, выделившейся из сгустка, в результате синерезиса увеличивается. Влияние сухих веществ, на синерезис сычужного сгустка представлен на рисунке 1.





**Рис.1.** Влияние содержания сухих веществ на синеретические свойства сгустка

Степень использования сухих веществ молока в сыроделии можно интерпретировать как один из показателен сыропригодности. В действительности выход сыра зависит от трех основных факторов:

- процента жира и казеина в молоке;
- процента составных частей молока, особенно жира и казеина, потерянных при приготовлении сыра;
- количества воды в сыре.

Эти три фактора определяют выход сыра всех видов.

В дальнейшем определяли степень перехода жира в сыр в зависимости от концентрации сухих веществ в восстановленном молоке (таблица 3)

Таблица 3 - **Степень перехода жира в сыр**

| № | Жирность молока, % | Переход жира в сыр, % | МДЖ в сыворотке, % |
|---|---|---|---|
| 1 | 3,4 | 94,8±0,12 | 0,2 |
| 2 | 3,9 | 94,9±0,09 | 0,2 |
| 3 | 4,4 | 97,2±0,03 | 0,1 |
| 4 | 5,0 | 97,8±0,02 | 0,1 |

Из таблицы 3 видно, что увеличение перехода жира в сыр при использовании сырья с повышенной массовой долей сухих веществ происходит из-за того, что в сыворотке сокращается количество мелких частиц сгустка. По этой же причине в образцах ВЦМ с пониженным содержанием жира (3,4%) наблюдается уменьшение перехода жира из молока в сыр (94,8%) и увеличение его количества в сыворотке (0,2%). В образцах 3 и 4 показатели жирности в сыворотке составляет одинаковое количество 0,1%.

Хорошо известно, что процесс свертывания молока представляет собой одну из важнейших стадий производства многих молочных продуктов. Этот процесс представляет собой коагуляцию казеина и может быть вызван различными факторами. В молочной промышленности используются в основном кислотный и сычужный способы коагуляции. В частности, для производства сыров важен процесс сычужного свертывания молока, вызванный молокосвертывающими ферментами. Молоко представляет собой очень сложную систему, состоящую, грубо говоря, из трех основных подсистем: молочной сыворотки, представляющей собой раствор сывороточных белков, различных солей и лактозы в воде; коллоидного раствора казеиновых мицелл в сыворотке; эмульсии жировых шариков, взвешенных в коллоидном растворе казеина.

Объектом исследований являлось восстановленное цельное молоко с содержанием сухих веществ 17%.

Производство сыра включает два этапа – выработку свежего сыра и его созревание. Во время выработки сыра протекают важные биохимические и микробиологические процессы. К ним первую очередь следует отнести сычужное свертывание белков молока и синерезис сгустка. Они как бы предопределяют процесс созревания – от скорости свертывания козьего молока, интенсивности молочнокислого брожения и синерезиса сгустка зависят дальнейшие более глубокие изменения белков, жира и других компонентов сырной массы.

Свертывание белков молока сычужным ферментом является одним из наиболее важных процессов при выработке сыра. От скорости получения, структурно-механических и синеретических свойств сычужного сгустка зависят структура, консистенция, рисунок и другие показатели готового сыра.

Продолжительность всего процесса гелеобразования и отдельных его стадий, а также качество образующихся сгустков определяются составом и свойствами молока, бактериальной закваски, кислотностью молока, температурой свертывания.

При производстве мягких сыров в восстановленное цельное молоко вносили закваску молочнокислых бактерий из культур str. Lactis, str. cremoris, str. diacetylactis в количестве 1,5-2 %, в качестве свертывающего фермента вносили сычужный порошок в количестве 2,5 г на 100 кг смеси.

В дальнейшем в работе, было исследовано изменение титруемой и активной кислотности в процессе кислотно-сычужного свертывания смеси при разных температурах (в интервале от 25 до $40^0$C) приведены в таблице 4.

Таблица 4 - **Влияние режимов кислотно-сычужного свертывания смеси на активную и титруемую кислотность.**

